

САРАПТАМА



ӘКІМДЕРДІ
ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ

қалыпты үдеріске
айналды

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №32-33 (6595) 15 сәуір, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Голан жоталары:

БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ

Қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен жүздесті.

Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беделі көтерілгенін атап өтті.

Бейбітшіліктің елшісі болу –
үлкен абырой әрі зор жауапкершілік

– Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

2

15 СӘУІР – ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ КҮНІ!

ҒАШЫҚТАР МЕРЕКЕСІМЕН!

Елімізде бұл күннің ғашықтар күні ретінде аталып келе жатқанына ширек ғасырдан асты. Ғашықтар күні ретінде төл атаулы күніміздің болуын алғаш рет 1999 жылы Дархан Мыңбай сынды бірқатар ұлтжанды азаматтар бастама ретінде көтерген болатын. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама қазір әлдеқайда ауқымды мазмұнын тапты.

Бүгінде өзіміздің Ғашықтар күні жастар арасында жақсы сипат алып, ол тек сезім білдіру күні ғана емес, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу күніне де айналып шыға келгені қуантады. Түрлі рухани, мәдени іс-шараларда, жеткіншектер бас қосқан кештерде бойжеткендер жігіттерге «ұйқыашар», ал бозбалалар аруларға «селтеткізер» сыйлықтарын жасап, өз сезімдерін білдіргені туралы жиі-жиі айтылып, қазақы дәстүрлеріміз насихаттала бастады.

Осындайда әлем сезім білдірудің көзге көрінбейтін нәзік әдебін бізден, қазақтан үйренсін дегіміз келетіні бар. Әрине, махаббат сезімі бір күнмен шектелмек



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

емес, сүйіспеншілікті әр күні білдіруге болады. Тек жүрегінде махаббат гүлі енді ғана бүр жарып келе жатқан талай бозбала мен бойжеткен дәл осы күні бір-біріне сезімін білдіріп, үнсіз ұғысып, келешек өмірге жоспарын құрып жатса,

Ғашықтар күнінің де өміршең болары сөзсіз.

Адам өмірінің әрін келтірген ғашықтар күні құтты болсын! Әр күніміз махаббатқа толы болғай!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

15.04.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

16.04.2025

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

17.04.2025

Түнде:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

www.aqshamnews.kz



■ ПРЕЗИДЕНТ

Голан жоталары:

БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ

Қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды

(Басы 1-бетте)

Еліміздің қарулы күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.

ҚАЗАҚСТАН АРМИЯСЫНЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи қадам жасағанын айтты.

– Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, – деді Президент.

Жоғарғы Бас қолбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға сай құрал-жабдықтармен түгел қамтамасыз ету үшін сапалы жұмыс атқарылды.

– Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби



деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде меңгерген жаңа дағдыларды еліміздің әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ ПЕН ӘСКЕРИ АНТҚА АДАЛДЫҚ

Президент атап өткендей, бүгінде еліміздің 158 азаматы Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарланған. Осылайша Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен

келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

– Қарулы күштер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия – қайсарлыққа баулитын, жігерді жанытын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүлдемен оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі едәуір

өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда, босаңсуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, – деді Мемлекет басшысы.

ОТАНШЫЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

– «Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік – әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі, біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

– Қазақта «Ердің ісі – елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).

■ ӘКІМ

ЖАҢА ҒИМАРАТ, ЖАҢА ЖҮЙЕ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Полиция департаментінің жаңартылған инфрақұрылымымен танысты

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Полиция департаментінің қызметкерлері мен олардың отбасысы үшін ұйымдастырылған Наурыз мейрамына қатысты.

Соңғы үш жыл ішінде Алматы әкімдігі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдық мекеменің бірі ретінде полицияның дамуына ерекше көңіл бөліп келеді. Атап айтқанда, Алматы әкіміне жергілікті бюджет қаражатына сатып алынған жаңа техника мен толықтай жөндеуден өткен әкімшілік ғимарат таныстырылды. Бұл ғимарат Алматы әкімдігі тарапынан жеке меншік иесінен 1,7 млрд теңгеге сатып алынып, өткен жылдың қыркүйек айында полиция балансына берілген еді. Бүгінде бұл ғимарат шамамен, 300 қызметкерге қолайлы жұмыс жағдай жасап отыр және Полиция департаментінің негізгі ғимаратына жақын орналасқан, бұл құқық қорғаушылардың жұмысын жеделдетуге ықпал етеді.

Бұл Алматы полициясының материалдық-техникалық базасын нығайту және қоғамдық қауіпсіздік жүйесін жаңғырту



бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды бағдарламаның бір бөлігі.

Шаһар басшысы қоғамдық қауіпсіздік жүйесін нығайту қала саясатының басым бағытының бірі болып қала беретінін атап

өтті. Өз кезегінде Полиция департаментінің басшылығы көрсетіліп жатқан қолдау үшін алғыс білдірді.

Айта кету керек, Алматыда қоғамдық қауіпсіздік саласында озық шешімдер

енгізіліп жатыр. Ерболат Досаевтың тапсырмасына сәйкес, қаладағы мемлекеттік мектептер мен балабақшаларда кешенді қауіпсіздік жүйесі жүзеге асырылуда, сондай-ақ жасанды интеллект элементтері бар бейнемониторинг белсенді қолданылып отыр. Биыл жыл соңына дейін Бірыңғай бейнебақылау жүйесіне қосылған камералар саны 70 мыңға дейін ұлғайтылады.

Сонымен қатар, сапар барысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ерболат Досаев полиция капитаны Қарашаш Есдәулетоваға пәтер сертификатын табыстады. Ол Дубайда өткен UAE SWAT Challenge 2025 халықаралық турнирінде жүлдегер атанды. Оның командасы әлемнің ең үздік арнайы бөлімшелері арасында екінші орын иеленді.

Айта кетейік, Қарашаш Есдәулетова Қазақстан ІІМ-нің алғашқы әйелдер командасы – «Томирис» құрамында өнер көрсетті. Бұл команда осы беделді жарысқа алғаш рет қатысып, бейресми түрде арнайы жасақтың «Олимпиадасы» саналатын, әлемнің элиталық тактикалық бөлімшелерін жинайтын турнирде бақ сынады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЯСАТ

САРАПТАМА

САЯСИ РЕФОРМА:

ӘКІМДЕРДІ ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ

қалыпты үдеріске айналды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Жолдауында ауыл әкімдерін сайлау туралы бастама көтерген еді. 2021 жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілді. Міне, содан бері 5 жылдай уақыт өтті. Осы уақыт ішінде 2,5 мыңға жуық әкім сайланды. Бұл туралы Президент 2024 жылғы Жолдауында мәлімдеген. Ал 2025 жылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілді. Ротациялық уақыты келген кезде аталмыш әкімдер енді сайлау арқылы қызметке келеді.

Төменнен басталған саяси реформа

Саяси реформа жасамай, мемлекет дами алмайды. Бұл – қалыптасқан аксиома. Бірақ оның жолдары әртүрлі. Бір елдің тәжірибесі мен моделі келесі елге тура келмеуі мүмкін. Бірі реформаны төменнен бастаса, екіншілері жоғарыдан бастайды. Ғалымдар мен сарапшылар арасында да реформаны қайдан бастау керек деген мәселе қызу дискуссияға айналған. Әкімдерді сайлауды ауылдардан бастау төменнен басталатын саяси реформа.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесін енгізу туралы алғашқы ұсыныс 2020 жылы 1 қыркүйекте жасалған. Халыққа жыл сайынғы Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев мынадай мәлімдеме жасаған еді: «...қоғамдық пікір сауалнамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отыр. Бұл маңызды қадамды жан-жақты ойластырып, дәйекті түрде жүзеге асырған жөн. Мұндай жүйенің қалай жұмыс істейтінін нақты білуіміз керек. Алайда, бұл мәселенің шешімін кейінге қалдыруға болмайды». Яғни осыдан 5 жыл бұрын Президент әкімдерді сайлау жүйесін енгізудің қаншалықты маңызды екенін айтқан. Сондықтан 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін тікелей сайлауды ұсынды.

Әрине, төменнен басталатын саяси реформаға сын айтатындар да аз емес. Алайда, біз мына нәрсені ескеруіміз қажет. Еліміздегі саяси реформа тек төменнен ғана емес, жоғарыдан да жүзеге асуда. Бұған дәлел ретінде 2022 жылғы конституциялық реформаны айтуға болады. Президенттің өкілеттілігі қысқарып, суперпрезиденттік режимнен бас тарттық. Демократияланудағы кез келген өзгеріс, мейлі ол ауқымды болмаса да, бұл жағымды үдеріс. Мұндағы басты нәтиже біз енді суперпрезиденттік режимге қайта оралмаймыз.

Төменнен басталған саяси реформа тоқтап қалған жоқ. 2021 жылғы Жолдауында Президент 2024 жылы пилоттық режимде аудан әкімдерін сайлауды өткізуге ұсыныс жасаған болатын. Бірақ ол одан да ерте өтті. 2023 жылы 5 қарашада аудандар және облыстық маңызы бар қалаларда пилоттық режимде сайлау өтті.



Оның қорытындысы бойынша 42 аудан және 3 облыстық маңызы бар қала әкімі тікелей сайланды. Жалпы, 125 үміткер сайлауға түсті.

Ал 2024 жылғы Жолдауда Мемлекет басшысы биылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлауға толық көшу туралы мәлімдеме жасады. Бұл саяси реформаның бір реттік науқан емес, кезең-кезеңімен жүзеге асатын тоқтаусыз үдеріс екенін білдіреді.

2025 жылы қандай сайлау өтеді?

Бұл сұраққа жауап беру үшін ҚР Орталық сайлау комиссиясының ресми сайтына жүгіндік. Ондағы ақпаратты талдап, төмендегі кестені жасадық. Сайлау өтетін уақыт пен жерлер жаңарып тұратынын ескерте кетейік. Бізге 2025 жылғы қаңтар-мамыр айларындағы сайлау науқандары қолжетімді болды.

Осы мақаланы дайындау уақыты, яғни 10 сәуірде 15 сайлау күндері белгілі болды: қаңтарда – 2, ақпанда – 3, наурызда – 3, сәуірде – 4, мамырда – 3. Әзірге 9 сайлау күні өтті, қалғаны алдағы күндері өтеді.

1 қаңтар – 18 мамыр аралығында республика бойынша 280 ауылдық округ, 9 ауыл, 10 кент және аудандық маңызы бар 5 қалада әкімдерді сайлау жоспарланған.

Облыстар бойынша Жамбыл (41 ауылдық округ, 1 ауыл) және Қызылордада (35 ауылдық округ, 1 кент) саяси науқан жиі өтеді. Ал сайлау мүлдем аз өтетін облыстарға Маңғыстау (1 ауыл), Атырау (5 ауылдық округ) және Жетісу (5 ауылдық округ) кіреді.

Жоғарыда біз келтірген статистикалық мәліметтер елімізде сайлау, оның ішінде әкімдерді сайлау қалыпты үдеріске айналып келе жатқанын көрсетеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.АЛМАТЫ – ДИПЛОМАТИЯ
ОРТАЛЫҒЫ

Шаһарда ТМД елдерінің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтті

Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Алматы қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы және «Орталық Азия – Ресей» форматындағы VIII сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Халықаралық іс-шаралар алдында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Сергей Лавровпен кездесу өткізді.

Келіссөздер барысында тараптар биік және жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысын, сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және өзге де салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін егжей-тегжейлі талқылады.

– Саяси диалогтың жоғары серпінін сақтау және қол жеткізілген уағдаластықтарды дәйекті іске асыру Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара іс-қимылдың басты басымдықтарының бірі. Мемлекет басшыларының қойған міндеттері негізінде біз осы бағытта жұмыс істеп келеміз, – деп мәлімдеді Мұрат Нұртілеу.

Мемлекеттер арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Ресей Сыртқы істер министрінің орынбасарлары Михаил Галузин мен Александр Панкин II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында сыртқы саяси ведомстволардың басшылары 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта орналасқан қаңқ мемориалындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

ТМД СІМ кеңесі

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Сыртқы істер министрлері кеңесінің кезекті отырысына қатысты. Жиын барысында Достастық аясындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бағытталған мәселелердің кең ауқымы талқыланды. Саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және өзара іс-қимылдың өзге де салаларында күш-жігерді үйлестіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

– Бүгінде Достастық пікір алмасудың, бірлескен күш-жігерді үйлестірудің және елдеріміз арасындағы кешенді байланыстарды біртіндеп тереңдетудің сұранысқа ие алаңы болып отыр. Қазақстан Ұйымды одан әрі дамытуға мүдделі және оның көпқырлы әлеуетін нығайтуға ниетті, – деді Қазақстан СІМ басшысы.

Сондай-ақ, Мұрат Нұртілеу қатысушыларды ТМД аясындағы ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілері бойынша Қазақстанның ұстанымдары туралы хабардар етіп, Ұйымды одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстарды ортаға салды. Ұйымның институционалдық дамуына, үйлестіру механизмдерін жетілдіруге және Достастық аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бастамаларды іске асыруға ерекше назар аударылды. Осы тұрғыда Қазақстан бастамаларын жүзеге асыруда Достастық бойынша серіктестердің қолдауы ерекше аталып өтті.

Келесі отырыс Душанбеде өтеді

ТМД Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысына Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында ТМД елдерінің бірқатар қаласына, соның ішінде Астана, Алматы, Қарағанды және басқа да қалаларға «1941–1945 жылдардағы Еңбек даңқы қаласы» құрметті атағын беру туралы шешім келісілді.

Сыртқы істер министрлері кеңесінің келесі отырысы 2025 жылғы қазан айында ТМД Мемлекет басшылары саммиті қарсаңында Душанбе қаласында өтеді.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАЗА ҚАЛА –
ОРТАҚ МІНДЕТНаурызбай ауданында
ауқымды жұмыстар
атқарылуда

Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қарқынды түрде жалғасып жатыр. Қали Надыров көшесінде өткен кезекті сенбілік жұмыстарына аудан әкімдігімен қатар, коммуналдық қызмет өкілдері, көше тазалықшылары және белсенді тұрғындар қатысты. Аталған іс-шара тек тазалық жұмыстарымен шектеліп қана қоймай, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруды да мақсат етеді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Наурызбай ауданы Көріктендіру бөлімінің бас инспекторы Дәулет Ерлан «Таза Қазақстан» акциясының нәтижелерімен бөлісті.

– Бірінші наурыздан бастап аудан көлемінде 16 сенбілік өткізілді. Осы уақыт аралығында 7000 текше метр қоқыс шығарылып, көптеген көшеде жол жөндеу, тротуар мен арық тазалау, көше шамдарын ауыстыру сияқты жұмыстар атқарылды. Бүгінгі күні Қали Надыров көшесінде 30 көше тазалау жұмысшысы мен 10 арнайы техника жұмыс істеуде. Сонымен қатар, мектептерде, емханаларда да тазалық, бояу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың назарын экологиялық мәдениетке аудару мақсатында идеологиялық іс-шаралар өтуде.

КІТАП – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Алматыда әдеби-танымдық байқау өтті

«Кітап – білім бұлағы». Осы бір сөздің астарында көп дүние жатқаны белгілі. Кітап оқу – білімнің де, тәрбиенің де бастауы. Кітаптан алған ауқымды да терең тағылымды басқа еш жерден ала алмайсыз. Былай айтқанда, кітап өмірдің кілтіндей.

Нұрлан
СҮЙІН

Мегполистің Алатау ауданында Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен «Кітап – алтын қазына» жобасы аясында шаһардағы жоғарғы сынып оқушылары мен ЖОО студенттері арасында әдеби-танымдық байқау өтті. Әдеби-танымдық іс-шара қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғалары – Абай Құнанбаевтың – 180 жыл, Сапарғали Бегалин – 130 жыл, Сәбит Мұқанов – 125 жыл, Әбу Сәрсенбаев – 120 жыл, Ілияс Есенберлин – 110 жыл, Мәлік Ғабдуллин – 110 жыл мерейтойларына арналыпты. Қалалық байқауға сарапшылық етуге белгілі

журналистер, танымал сарапшылар, өнер қайраткерлері шақырылыпты. Мұрат МҰҚАШ, Журналистика ардагері, әділқазылар мүшесі:

– Бүгінгі байқау жан-жақты ұйымдастырылыпты. Бастысы, кітап оқитын, оны талдап-талқылауға бейімі бар оқушылар мен студенттер келіпті. Оқу бағдарлама-сынан бөлек, осындай байқаулар, творчестволық кештер жас буынның өздерінің де шығармашылыққа бет бұруына әсер етері сөзсіз. Шын мәнінде, кітап асыл қазына. Кітап оқыған буынның білетіні көп, білімі терең болады.

Гүлшат КӨПТІЛЕУОВА, Абай атындағы республикалық мектебінің оқушысы:

– Біз осындай байқаулардан танымымыз кеңейіп, тағылымды дүниелер аламыз. Білетінімізді жетілдіреміз. Әсіресе, шығармашылықпен айналысатындарға мол мүмкіндік. Еліміздің мәдени-білім астанасы Алматы басшылығы мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтетін осындай іс-шараларды жиі ұйымдастырса деген тілек бар.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға арнайы дипломдар, Алғыс хаттар, сыйлықтар табысталды.

ТҰСАУКЕСЕР

«ҒАЗАЛҒҰМЫР»

Ақын Әділғазы Қайырбековтің жыр тойы тойланды

11 сәуірде Алматыдағы Ұлттық кітапханада көрнекті ақын Әділғазы Қайырбековтің 70 жасқа толу мерейтойына орай «ҒАЗАЛҒҰМЫР» атты бенефисі өтті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Әділғазы Қайырбеков – белгілі қоғам және мәдениет қайраткері, көрнекті ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет орденінің», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты.

Көрнекті ақын 1978 жылы еңбек жолын С.Мұқанов әдеби-мемориалдық музей-үйінің тұңғыш экскурсия жетекшісі болып бастаған. 1980–2000 жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында (Қазақ телевизиясы, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Халық кеңесі», «Қазақ елі», «Шалқар» газеттерінің редакцияларында) қызмет істеген. 2000 жылдан бері Музей кешенінің директоры, жетекшісі, аға ғылыми қызметкері. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Поэзия кеңесінің төрағасы. 2014 жылы 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрген.

Ақын бенефисінде «Ғазалғұмыр» жыр жинағы, «Көк дәптер» мақалалар жинағы және «Библиографиялық көрсеткіш» атты кітаптары таныстырылды. Ақынның бенефисін не үшін «Ғазалғұмыр» деп атау туралы шешім қабылданды деген сұраққа Әділғазы Қайырбеков былай жауап берді: «Ғазал – шығыстық ұғымда «жыр» деген мағына білдіреді. «Жырғұмыр» деген сөз. Өмірің түгел өлеңмен өту ақын үшін арман». Ақынның сөзінше кешті өткізудегі басты мақсат оқырмандары, замандастары алдында есеп беру.

Іс-шараны Алматы қаласы музейлер бірлестігі және Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырды. Оның мақсаты – қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуда жемісті еңбек етіп келе жат-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



қан сөз шебері Әділғазы Қайырбековтің өмірі мен шығармашылығын насихаттау.

Аталған іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, жазушы Мереке Құлкенов бастаған ақын, жазушылар,

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов бастаған белгілі ғалымдар, әдебиет зерттеушілері, музей қызметкерлері, БАҚ өкілдері, оқытушылар және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков Әділғазы Қайырбековке Президенттің құттықтау хаты мен төсбелгіні табыстады. Сондай-ақ, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы құттықтау хатын Ұлттық кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиева табыстады.

Кешті модератор ретінде журнал-лист, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының бас кеңесшісі Әміржан Қосан жүргізді. Ол алғы сөзінде ақынның кәсіби білігімен қоса адами қасиеттері жайлы да атап өтті.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

«ӘРБІР АДАМ МАҢЫЗДЫ»

Алматыда инклюзивті орта құруға және физикалық, психикалық немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, барлық жас үшін өзін-өзі жетілдірудің мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін «Әрбір адам маңызды» әлеуметтік жобасын іске асыру жалғасуда.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл туралы Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Кеңесбай Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты.

Инклюзивті бағдарламаларды жүзеге асыру – бұл тек әлеуметтік әділеттілік мәселесі ғана емес, сонымен қатар Алматының тұрақты дамуына бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Аталған жобада әлеуметтік интеграцияға баса назар аударылады, мүмкіндігі шектеулі жастарды қайнаған қоғамдық өмірге

тартуға атсалысады. Сондай-ақ, жобаның орындалу барысына тұрақты мониторинг жүргізіліп тұрады, яғни тиімділігі үнемі қадағалауда болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмаз КЕҢЕСБАЙ, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары:

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІН АШАМЫЗ

Біздің мақсатымыз – әрбір жастың әлеуетін ашуға, оның қала өміріне белсенді қатысуына және қоғамның қолдауын сезінуіне жағдай жасау. Сондай-ақ, жоба шеңберінде кәсіптік білім беруге ерекше көңіл бөлінеді. Соған орай, жастарға еңбек нарығына бейімделуге көмектесетін арнайы білім беру бағдарламалары әзірленуде. Психологиялық қолдау да көрсетіледі. Біз ерекше қажеттілігі бар жастарға өз-өзіне сенімді болуға, көшбасшылық қасиетін дамытуға және қоғамдық, волонтерлік қозғалыстарға қосылуға көмектесеміз. Әрине, біз бұл жобаны мемлекеттік құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және бизнес өкілдерінің қолдауымен қолға алдық.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ МІНСІЗ ӨНЕР

табандылық пен мақсаткерліктің жарқын үлгісі

Алматы әкімдігі Михаил Шайдоровты әлем чемпионатындағы күміс медалімен құттықтады. Ол – жеке сырғанауда өнер көрсететін мәнерлеп сырғанаушы. Бостонда өткен әлем чемпионатында күміс медальға ие болды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов спортшыны құттықтап, бұл жетістіктің табандылық пен мақсаткерліктің жарқын үлгісі екенін атап өтті.

Кездесу барысында Бейбіт Шаханов Алматы қаласы әкімдігінің атынан Михаил Шайдоровқа 2,5 миллион теңге көлемінде қаржылай сертификат табыстап, оның отандық спортты дамытуға және қаланы халықаралық деңгейде танытуға қосқан зор үлесін ерекше айтты.

«Сіз қазақстандық мәнерлеп сырғанаудың абыройын арттырып қана қой-

май, жүздеген жас спортшыны өзіне сенуге және алға ұмтылуға шабыт бердіңіз. Ерекше алғысты жаттықтырушыңыз Әсем Робертқызы Қасановаға айтқым келеді. Ол өз ісіне деген жоғары кәсібилігімен, даналығы және шынайы адалдығымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанау бойынша бас бапкері ретінде ол спорттың дамуына және мұз айдынында жаңа жұлдыздардың қалыптасуына үлкен үлес қосты», – деді Бейбіт Шаханов.

Өз кезегінде Михаил Шайдоров қолдау көрсеткені үшін әкімдікке алғыс білдірді.

«Мен қала әкімдігіне, алматылықтарға қолдау көрсеткені үшін өте ризамын. Бұл мені шабыттандырып, әрі қарай жетістікке жетуге күш береді. Бұл менің ғана емес, бүкіл елдің жеңісі, маған сеніп, осы жолда көмектескен көпшіліктің еңбегінің нәтижесі», – деді Михаил Шайдоров.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЭКОНОМИКА

АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ

еліміздің қуатты драйвері


Алматы Индустриалды аймағы АҚР Президентінің Жолдауына сәйкес «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы бойынша құрылған. Алматы қаласы әкімінің 2023 жылғы қаулысына сәйкес республикалық статус берілген Индустриалдық аймақта бүгінде ондаған өндіріс жұмыс істеп тұр. Алматы әкімдігі тарапынан оларға жер телімдері бөлініп, коммуникация желілері тартылған. Аймақ алматылықтар есебінен жұмысшы-қызметкерлермен қамтылып, үлкен өндірістік алаңға айналуда. Бүгін біз қала іргесіндегі осы ірі жобаның жай-күйін, жүзеге асқан жобалары мен жоспар көкжиегін шолып шығамыз.

ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЖҮЙЕЛІ ЖОБА

Алматы Индустриалды аймағы – мемлекеттік деңгейде үлкен жоба. Мұндай ауқымды жобаның жүзеге асуына Алматының көлік-коммуникация, логистика, т.б. мол мүмкіншілігі зор қозғаушы болып келеді. Жоба қолға алынғаннан Алматы әкімдігі тарапынан бұл іске айырықша көңіл бөлініп, бар жағдай жасалды. Даму, кеңею мүмкіндігі бар жер телімдері бөлініп, коммуникациялар құрылды. Қаланың өндірістік базаға тигізетін айрықша демеуімен бірге аталған ауқымды жоба демде үлкен өндірістік аймаққа айналып шыға келді.

- Индустриалды аймақтың жалпы көлемі 490 гектар жерді қамтыған, оның 326 гектары өндіріске, 164 гектары инфрақұрылымға арналған. Осы аумақта 2016–2022 жылдар аралығында 124 млрд теңгеге 27 жоба іске асты. Бюджетке 43,4 млрд теңге салық төленді. Ауқымды жобаға қатысушы 92 компания 11138 жұмыс орнын ашқан.
- Бүгінде Индустриалды аймақта Шағын өндірістік парк жобасы қолға алынып, жүзеге асу үстінде. Ауқымды жобаның іске асуы 2023–2025 жылдарға жоспарланған.

Өндірістік парк – бұл шағын және орта бизнес жобаларын жүзеге асыру мақсатына бөлінген аумақ. Осынау аумақта кәсіпкерлерге жұмыс жасауына коммуникациясы жүргізілген дайын өндіріс орындары



беріледі. Шағын және орта бизнесті жүзеге асыру «Алматы бизнес – 2025» бағдарламасы бойынша қолға алынған. Бұл жобаға 14,2 млрд теңге инвестиция құйылып, 133,9 мың шаршы метр жерде өндіріс жұмыс жасайды деп жоспарланған. 3374 жұмыс орны ашылуы тиіс. Бүгінгі таңда 11 шағын өндірістік парк жүзеге асты. Жалпы, өндірістік аумағы 46 мың шаршы метр жерде өндіріс іске қосылып, 1074 жұмыс орны ашылған.

- Бүгінде Алматы Индустриалды аймағында 87,9 мың шаршы метр аумақта 18 шағын өндірістік парк ашылып, 2300 жұмыс қолын қажет ететін ШОБ-тың 152 субъектісі жұмысын бастауы керек. Жалпы, 29 жобаға Шағын өндірістік паркі статусы берілген.

ӨНДІРІСТІК МЕГАПОЛИС

Алматы Индустриалды аймағы (АИА) ашылғалы мегаполис шын мәнінде өндірістік өңірге айналып отыр. Шаһардағы бұрыннан жұмыс істейтін өндіріс орындарына қосылған ШОБ-тың жаңа субь-

ектілері осындай тұжырым жасауға негіз береді.

Осы негізде 2017- 2018 жылдарда екі жобадан қолға алына, 2020 жылы 3 жоба, 2021 жылы 7 жоба іске асты, 2022 жылы 9,1 млрд теңгенің 8 жобасы жүзеге асып, 466 жұмыс орны ашылған. Бұл санатта медицина саласына диагностикалық тесттер шығаратын – «Каз-Диа-Тест» ЖШС», термоланелдер өндіретін «Теплостил» ЖШС», электротехникалық бұйымдар жасайтын «Электробар» ЖШС» зауыттарын, автокөлік өндірісі бағдарындағы «Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС», медициналық бағыттағы «Әлмерек» ЖШС», мыс және алюминий өнімдерін өндіретін «КМК Investment» ЖШС зауыттарын, сондай-ақ «Бижан ет» өнімдері зауытын атап өтсек болады.

Алматы Индустриалды аймағындағы өндірістің өркендеуі бірнеше бағытта дамып отыр. Болашағынан зор үміт күтілген осынау жоба қолға алынғанда өндірістің бірнеше бағытына басымдық берілген болатын. Олар – машина жасау, азық-түлік, фармацевтика, химия, өндірістік заттар,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Диас МҰРЗАХАНОВ,
Алматы индустриалды аймағы
Бас директорының орынбасары,
басқарма мүшесі:

АЙМАҚ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

«Алматы Индустриалды аймағы» бүгінде үлкен мемлекеттік жобаға айналып отыр. Алып кен орындары, үлкен өндірістері жоқ Алматы шағын және орта бизнеске иек артатыны белгілі. Есесіне, Алматы туризмді дамытуға қолайлы керемет табиғаты бар өңір. Бұдан өзге, Ұлы Жібек жолы бойындағы Алматыда керемет логистика қалыптасқан. Бұған шағын және орта бизнестің дамуы зор қарқын берері сөзсіз.

Алматы Индустриалды аймағының ашылуына осы айтылғанның барлығы әсер еткені белгілі. Оның қалыптасуы да, дамуы да мегаполистің экологиясы мен тұрғын үй аймағына еш зиян келтірмейтіндей жағдайда болып отыр. Жалпы, әр өндірістің ашылуы қатаң экологиялық талаптарға сай жасалуда. Бұл жағынан Алматы әкімдігі, «AMANAT» партиясы, қалалық мәслихатпен тұрақты байланыстамыз. Астанадан келетін Мәжіліс депутаттары мен министрлік өкілдерін де Индустриалды аймақ қызықтырады. Сол себепті де, біз талапқа сай жұмыс істеуге тырысамыз.

Жалпы айтқанда, «Алматы Индустриалды аймағы» дер кезінде қолға алынып, өз деңгейінде жүзеге асып жатқан мемлекеттік жоба.

құрылыс заттары, т.б. Бүгінде осы бағыттардың барлығы дерлік қамтылып отыр.

Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі ауқымды жобаға айналған Алматы индустриалды аймағындағы өндіріс ашу жұмыстары жалғаса бермек. Оған бүгінде өндірістік өңірге айналған Алматының мүмкіндігі де, әлеуеті де жетеді. Бастысы, Индустриалды аймақта өндірілген қай өнім болмасын сұранысқа ие. Сол себепті де, өндіріс аймағының болашағы зор.

Нұрлан СҮЙІН.



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Энергетика саласы:

АУҚЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ, ТҰРАҚТЫ ДАМУ

2024–2025 жылғы жылумен жабдықтау бойынша күзгі–қысқы маусым күрделі ақауларсыз өтті

Қазақстанның энергетика саласы сенімді жылумен жабдықтауды, ауқымды жаңғыртуды және «жасыл» энергетиканың өсуін үйлестіре отырып, тұрақты дамуға серпін беріп келеді. Қазақстан Үкіметі қабылдаған шаралар нәтижесінде еліміз бойынша 2024–2025 жылғы жылумен жабдықтау бойынша күзгі–қысқы маусым күрделі ақауларсыз өткенін айтқан жөн. Маусымға дайындық 10 энергетикалық блоктың, 55 қазандықтың және 45 турбинаның күрделі жөндеуін қамтып, ЖЭО және жылу желілеріндегі жоғары тозуды азайту процесін бастауға мүмкіндік берді. Электр станцияларындағы технологиялық бұзушылықтар саны 27%-ға азайса, ал температуралық графиктің сақтамау жағдайлары 3,3 есеге қысқарған. 12 ЖЭО жағдайының жақсаруын маңызды жетістік ретінде атап өтуге болады. Салалық министрлік хабарлағандай, олардың 9-ы «қызыл» аймақтан «сары» аймаққа, ал 3-еуі «сары» аймақтан «жасыл» аймаққа өткен.



Энергетика министрлігі электр энергиясы үшін шекті тарифтерді қайта қарады, электр қуаты нарығындағы шекті тарифті арттырды және қайтарылатын инвестициялардың жылдық лимитін ұлғайтты. 2024 жылы қабылданған шаралар жөндеу жұмыстарына қаржыландыруды өткен жылмен салыстырғанда, 44%-ға арттырып, 327 миллиард теңгеге жетуге мүмкіндік берді.

Бүгінде алдағы жылыту маусымына дайындық басталып кетті: 10 энергетикалық блок, 63 қазандық және 39 турбинаның жөндеу жұмыстары жоспарланған, оның бір бөлігі қазіргі уақытта жүргізілуде. Өңірлердегі 66 жылу орталығында 53 қазандықтың жөндеуі мен реконструкциясы жоспарланған. Суық ауа райы аяқталғаннан кейін 17 мың шақырым электр желісі мен 323 шақырым жылу магистралін жаңарту басталады.

Ұлттық энергетикалық модернизация жобасы аясында 77,5 мың км электр желілері мен 1,6 мың км жылу

желілері жаңартылатын болады, жалпы бюджеті 4 трлн теңге. 2029 жылға дейін бұл электр желілерінің тозуын 45%-ға, жылу желілерінің тозуын 42%-ға азайтуға мүмкіндік бермек. Генерация саласында 7,3 ГВт жаңа қуат енгізу жоспарлануда, соның ішінде қолданыстағы станцияларды жаңарту және жаңа станциялар салу да бар. 2029 жылға дейін 29 жобаны аяқтап, электр станцияларының орташа тозуын 40%-ға дейін азайту жоспарланған.

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту басым бағдар болып қала бермек: 2024 жылы 153 нысан 7,58 млрд кВт/сағ (жалпы өндірістің 6,43%-ы) өндірді. 8 жаңа станция (163,35 МВт) іске қосылды, ал 2025 жылдың соңына дейін тағы 9 ЖЭК жобасы іске қосылды (455,5 МВт). 2025 жылы ЖЭК жобалары бойынша аукциондарға 1810 МВт қуат ұсынылды, оның ішінде: жел электр станциясы – 1200 МВт, күн электр станциясы – 90 МВт, гидро-электр станциясы – 500 МВт, био-электр станциясы – 20 МВт.

Спорт саласы:

ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР

Ұлттық мәдени құндылығымыздың бірі ретінде ұлттық спорт түрлеріне ерекше назар аударылады

Елімізде дене шынықтыру сабақтарынан бастап халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлауға дейін тең қолжетімділікті құру бойынша спорт саласын дамытуда дәйекті жұмыс жүргізілуде. Бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін насихаттау, инфрақұрылымды жаңғырту және жаттықтырушылар құрамын қолдау басымдыққа ие болып қала береді.

«Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріп отырмын. Жастарымыз дені сау, мықты азамат болып өсуі керек. Сондықтан ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша. Жақында мен Олимпиадаға қатысушылармен кездестім, спорттағы нақты міндеттер мен басымдықтарға тоқталдым. Шын мәнінде, бұл саладағы заңнаманы жаңартатын кез келді деп ойлаймын. Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ, болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады. Депутаттар осы маңызды заң жобасына айрықша мән бергені жөн деп санаймын», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Ұлттық мәдени құндылығымыздың бірі ретінде ұлттық спорт түрлеріне ерекше назар аударылады.

- Бүгінгі таңда спортпен және дене шынықтырумен 8 миллионнан астам қазақстандық шұғылданады. Бұл ел халқының 41,4%-ын құрайды. Мемлекет бұл көрсеткішті 2029 жылға қарай 50%-ға жеткізуді көздейді. Қазірдің өзінде тұрақты шұғылданушы балалар мен жасөспірімдердің үлесі 30%-дан асады.
- Мемлекеттік спорттық тапсырыс бағдарламасының ауқымы кеңеюде: 4 жастан 17 жасқа дейінгі 240 мыңнан астам бала 7 мыңнан астам спорт секцияларына тегін барады. Жыл сайын миллионға жуық адамды қамтитын 25 мыңнан астам спорттық іс-шара ұйымдастырылады.
- 2024 жылдың есебі бойынша 670 мыңға жуық адам ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысады. Еліміз бойынша 16 555 үйірме, 15 балалар-жасөспірімдер мектебі, 17 клуб пен мамандандырылған орталық жұмыс істеуде. Ең танымал түрлері – қазақ күресі, жекпәр және тоғызқұмалақ. Қазақстан Астанада өткен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 112 медаль (43 алтын, 32 күміс, 37 қола) еншілеп, айқын көшбасшы екенін көрсетті.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Мәжіліс пен Сенаттың мақұлдауынан өткен «Дене шынықтыру және спорт туралы» жаңа заң жобасы әзірленді. Қазіргі уақытта құжат Президентке қол қоюға жіберілді. Заң жобасы – кәсіби ойын спорт клубтарын ұстауға бөлінетін бюджет қаражатына лимит бекітуді; ҚР

**БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ:
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ
БАҒЫТЫ**

Бүгінгі таңда дене шынықтыру және спортпен ел халқының **41,4%** шұғылданады (**8 млн**-нан астам адам). Балалар мен жасөспірімдердің үлесі қазірдің өзінде **30,4%** құрайды.

Мақсат, 2029 жылға дейін көрсеткішті 50% дейін жеткізу

Мемлекеттік спорттық тапсырыс бағдарламасы іске асырылуда:

4-17 жас аралығындағы **240 мыңнан** астам бала **7 мыңнан** астам секцияға тегін барады.

Жыл сайын **25 мыңнан** астам бұқаралық іс-шара ұйымдастырылып, оған жалпы көлемі миллионға жуық адам қатысып жатыр.

азаматтығын алмаған спортшыларды бюджет есебінен қаржыландыруға тыйым салуды; «спорттың басым түрлері» ұғымын нақтылап, олардың өңірлік тізбесін бекітуді; аккредиттелген спорт федерациясына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін шаралар қабылдауды міндеттеуді; спорт федерацияларын аккредиттеу талаптарын белгілеуді; «мүгедектігі бар спортшыны сүйемелдеуші» ұғымын енгізуді; мемлекеттік дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшыларын ротациялауды, спорт саласына вертикальды басқару жүйесін енгізу мәселесін көздейді.

Сонымен қатар, вертикальды басқару жүйесіне көшу жүзеге асырылады. Салалық министрліктің құрылымына 33 жоғары спорт шеберлігі мектебі, 19 олимпиадалық резервті дайындау орталығы, 14 интернат-колледж беріледі. Министрлік тарапынан 8 республикалық федерацияның президенті мен 11 өңірдің спорт басқармаларында жаңа басшылар келісілді. Әкімдіктердің тиімділігін бағалау үшін KPI жүйесі әзірленуде.

- Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстанда 25 мыңнан астам спорт нысаны тіркелген. 2024 жылы еліміз бойынша 90 спорттық нысан салынды. Оның 29-ы қалаларда, 61-і ауылдық жерлерде.
- 2025 жылдың соңына қарай Ұлттық дене шынықтыру және спорт университетін ашу жоспарланған.

Футбол инфрақұрылымын жаңғырту жаңа бағыт алды. УЕФА стандарттарына сай келетін алты стадион салу жоспарға енді. Сонымен қатар, балалар спорт алаңдарының құрылысы басталып, басым бөлігі ауылдық жерлерге бөлінді. Кадр мәселесін шешу барлық бастамаларды табысты іске асырудың негізгі бағыты болып қала береді. Жаттықтырушыларды қайта даярлау жұмыстары жүргізу, лицензиялау жүйесін енгізу, тәлімгерлік институтты дамыту бойынша қарқынды жұмыстар атқарылуда. Жаттықтырушылардың мәртебесі педагог қызметкерлердің мәртебесіне теңестіріліп, әлеуметтік кепілдіктер мен жалақыны көтеру шаралары қарастырылды. Заң жобасындағы түзетулердің екінші пакеті балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жаттықтырушыларының орташа еңбекақысын 30%-ға арттыруды көздейді.

Спорттық атақтар мен разрядтарды беру бойынша жаңартылған нормалар мен талаптардың жобасы әзірленді. Олимпиадалық емес пәндерді қоса алғанда спорттың 163 түрі ескеріле отырып, атақ алу шарттары қайта қаралды. Оған жаттықтырушылардың қатысуын растау жөніндегі нормалар қосылды. Республикалық және халықаралық турнирлерге арналған критерийлер өзектендірілді.

Саланы цифрландыру маңызды бағытқа айналды. 2025 жылдың соңына дейін спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілер мен әдіскерлердің бірыңғай тізілімін, спорттық іс-шаралардың электрондық күнтізбесін және спорттық инфрақұрылым объектілерінің тізімін қамтитын е-спорт цифрлық платформасы енгізілетін болады. Бұл жүйені енгізу спорт саясатындағы барлық элементтердің ашықтығын, қамту ауқымын бақылау мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Барлық қабылданып жатқан іс-шаралардың мақсаты – чемпиондардың жаңа буынын тәрбиелеу мен ұлт денсаулығын нығайтуда қабілеті тұрақты, тиімді және баршаға қолжетімді спорт жүйесін құру.

Қазақстан халықаралық аренада қол жеткізген жоғары нәтижелерін арттыруда. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық командалар 1206 медальға қол жеткізді. Оның 1086-сы (399 алтын, 341 күміс және 346 қола) олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлеріне тиесілі. Параспорт бойынша қоржындағы медаль саны – 120. Паралимпидалық дисциплиналардан 56 медаль (16 алтын, 20 күміс, 20 қола), сурд-лимпидалық және паралимпидалық емес спорт түрлерінен 64 медаль (30 алтын, 17 күміс, 17 қола) еншіледі.



АБАТТАНДЫРУ

ТУРИЗМ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Алматы Қазақстанның туристік орталығы ғана емес, әлем саяхатшылары үшін де тартымды орынға айналып отыр

Алматы қаласы туризм саласында жаңа биіктерді бағындыруда. 2024 жылы бұл салаға тартылған инвестициялар оң серпін көрсетіп, жалпы көлемі 110,9 млрд теңгеге жетті. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 2,1%-ға артық. Жеке инвесторлардың қолдауымен 35 жаңа орналастыру нысаны іске қосылды. Олардың ішінде 20 қонақүй, 4 глэмпинг, 8 хостел және 3 қонақүй бар. Бұл өз кезегінде қаладағы нөмірлік қорды 836 орынға арттырып, туристерді қабылдау инфрақұрылымын едәуір жақсартты. Нәтижесінде туризм саласынан түскен салық түсімдері 1,9 есеге артып, 90,7 млрд теңгеге жетті.



Ернұр
РЫСБАЙ

2024 жылы қалада 100 шақырым тау соқпағы абаттандырылып, негізгі бағыттар ретке келтірілді. Сонымен қатар, 450 инфрақұрылым нысаны – ақпараттық стендтер, белгілер, күркелер, орындықтар мен көпірлер, күн панельдерімен жабдықталған 13 кемпинг аймағы орнатылды.

«Көктөбе» саябағында «Денсаулық жолы» атты жаңа жаяу жүргіншілер бағыты ашылды. Ашық аспан астында серуендеуге арналған бұл маршруттың ұзындығы – 1,2 шақырым. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы жеке инвестициялар есебінен басталған. Бағыт бойына заманауи жарықтандыру, бейнебақылау жүйесі, орындықтар, қоқыс



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жәшіктері және қала мен тауға көрініс ашатын алаңдар орнатылып, келушілерге жайлы жағдай жасалды.

Туристер мен қала тұрғындарының сүйікті орнына айналған «Медеу» бөгеті де жаңартылды. Биік таудағы атаулы спорт кешенінен жоғары орналасқан бірегей гидротехникалық нысанға төрт жаңа шолу алаңы орнатылып, панорамаға шолу жасауға арналған алты тегін бинокль қойылды. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында қоршаулар мен жол төсеніштері жаңартылып, шолу алаңдары мен бөгет бойына бейнекамералар орнатылды.

Сонымен қатар, жаңа «Жұмбақ жол» бағыты да ерекше назарда. Ұзындығы 285 метр болатын бұл жолмен күніне 2 мыңнан аса адам жүріп өте

алады. Ол туристер арасында танымал Горельник визит-орталығына апарады. Инфрақұрылым толықтай абаттандырылып, демалуға арналған жайлы аймақтар, ақпараттық стендтер мен түнгі жарықтандыру орнатылды. Жоба экотуризмді дамытуға және «Медеу» мен «Шымбұлақ» бағыттарындағы жүктемені азайтуға бағытталған.

2025 жылы Алматы қаласы Туризм басқармасы ұзындығы 100 шақырымнан асатын 10 жаңа тау соқпағын абаттандыруды, сондай-ақ күн панельдерімен жабдықталған 3 кемпинг аймағын жасауды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, биыл екі ірі мәдени нысан – «Целинный» заманауи мәдениет орталығы мен Almaty Museum of Arts көркемөнер мұражайы ашылады деп күтілуде. Бұл

жобалар Алматыға жаңа мәдени және туристік нүктелер қосып, қаланың өңірдегі өнер мен мәдениет орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтпақ.

2024 жылы Алматы туристер санынан жаңа рекорд орнатып, қалаға 2340 314 адам келген. Бұл көрсеткіш 14,8%-ға артқан. Алматының Қазақстандағы жалпы туристік ағындағы үлесі – 25,6%, ал шетелдік туристер арасында – 53%. Шетелдік қонақтар саны 26,9%-ға өсіп, 686 355 адамға жеткен. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 145 611 адамға артық. Ең көп турист келген ел – Ресей (155 445 адам). Сонымен қатар, Үндістаннан келген туристер саны 2,4 есеге артып, 115 246 адамға жетті. Қытайдан (50%), АҚШ-тан (34,4%), Түркиядан (12%) және Оңтүстік Кореядан (3,2%) келушілер саны да өскен.

Алматы қаласын одан әрі дамыту мақсатында Almaty Tourism Bureau Mastercard компаниясымен бірлесе отырып, турист бейнесі мен оның саяхатын сипаттайтын зерттеу жүргізді.

Алматы өзінің танымалдығын дәлелдеп қана қоймай, жаңа рекордтар орнатып келеді. Бұл қала тек Қазақстан туризмінің орталығы емес, әлем саяхатшылары үшін де тартымды орынға айналып отыр. Қала қонақтарға шаңғы курорттары мен экстрим-турлардан бастап, гастрономиялық фестивальдер мен тарихи экскурсияларға дейін жан-жақты бағдарлама ұсынады. Халықаралық әуе қатынастарының кеңеюі, ірі іс-шаралардың ұйымдастырылуы және қызмет көрсету сапасының артуы – Алматыны Орталық Азиядағы ең тартымды туристік бағыттардың біріне айналдырды.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СУБҰРҚАҚТАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ

Алматының архитектуралық бейнесіне сән беріп тұрған төрт субұрқақ кешені биыл үлкен реконструкциядан өтеді. Жарты ғасырдан астам уақыт дұрыс жөндеу көрмеген тарихи нысандар енді заманауи технологиямен жаңартылып, алғаш рет кешенді түрде қайта жаңғыртылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен қалалық субұрқақтарға арналған пресс-турда белгілі болды. Онда БАҚ өкілдері алғаш рет субұрқақтарға арналған жер астындағы техникалық бөлмелерді аралап, ескі инфрақұрылыммен және жоспарланған жөндеу жобаларымен танысты.

Ауқымды жаңартудан коммуналдық меншіктегі төрт негізгі субұрқақ – Алматы әкімдігі ғимаратының алдында орналасқан шығыс және батыс субұрқақтары, Республика алаңындағы субұрқақ және F.Мүсірепов атындағы театр алдындағы субұрқақ өтеді.

Мамандардың айтуынша, биыл алғаш рет кешенді жаңғырту жұмыстары жүретін субұрқақтарда су жүйелері, насостар, құбырлар мен жарықтандыру толық ауыстырылады. Техникалық ғимараттардың конструкциясы күшейтіліп, гидрооқшаулағыш қабат жаңартылады. Су тазалау жүйесінде хлор орнына оттегі генераторы қолданылып, су қауіпсіз әрі үнемді түрде тазаланады. Сондай-ақ, автоматтандырылған басқару жүйесі енгізіліп, субұрқақтардағы жарық шамдары төмен вольтты түрге ауыстырылады. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігі үшін маңызды қадам. Тас тақталар мен басқа да сәндік элементтер қалпына келтіріледі. Жоба аясында субұрқақтар маңындағы аумақтар да абаттандырылады.

Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Батырхан Сүлейменовтің айтуынша, алғашқыда 8 млрд теңгеге бағаланған жоба Алматы қа-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен оңтандырылып, шығын 6 млрд теңгеге дейін қысқартылған. Мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша келісім-шарт 5,130 млрд теңгеге жасалып, үнем 3 млрд теңгені құраған.



– Біз жобада тарихи ерекшеліктерді сақтауға баса мән бердік. Өйткені, бұл – алматылықтардың жадында сақталған, дәуірлер сабақтастығын бейнелейтін сәулет туындысы. Жаңа шешімдермен қатар, қаланың рухани бейнесін де сақтау – басты мақсат, – дейді Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Батырхан Сүлейменов.

Құрылыс шығындарының 65–70 пайызы құрылыс-монтаж жұмыстары мен заманауи еуропалық жабдықтарға жұмсалады. Субұрқақтар үшін испандық Fluidra компаниясының, сондай-ақ Германия мен Италияда өндірілген сапалы құрылғылар қолданылады. Жабдық-

қа 5 жылдық кепілдік пен 3 жыл техникалық қызмет көрсету қарастырылған, ал қызмет ету мерзімі – 15 жыл.

Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын «Эко Алматы» ЖШС директорының орынбасары Рүстем Мұхаметжанов қазіргі таңда қалалық 66 субұрқаққа қызмет көрсетілетінін атап өтті.

– Біз субұрқақтардың санитарлық жағдайын, техникалық жүйелерін, су тазалау және консервациялау жұмыстарын жүргіземіз. Қазіргі таңда 45 қызметкер, соның ішінде 8 электрик, 7 сантехник пен дәнекерлеуші жұмыс істейді. Жөндеу аяқталғаннан кейін де біз қызмет көрсетуді жалғастырамыз, – деді ол.

Жоба инженерлік инфрақұрылымды жаңартып қана қоймай, тарихи келбетті сақтауға да басымдық береді. Жаңарту жұмыстары сәуір айында басталып, қазан айында – Алматы күніне дейін аяқталады деп жоспарлануда. Осылайша жаңартылған субұрқақтар Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін заманауи демалыс орнына айналады.

Айта кететін жайт, жөндеу жұмыстары кезінде аталған аймақтар қоршалады. Басқарма басшысының айтуынша, құрылыс жұмыстары тұрғындарға қолайсыздық тудырмау үшін қозғалысқа кедергі келтірмейтіндей етіп ұйымдастырылады. Субұрқақтар жаз мезгілінде жұмыс істемейді, есесіне 2026 жылы алматылықтар мен қала қонақтары жаңа кейіпке енген, қауіпсіз және көркем субұрқақтар қарсы алатын болады.

Бұл – Алматының тарихи келбетін сақтай отырып, заманауи технологиямен үйлестірілген ауқымды жоба. Салқын самалы мен сәулетімен көз тартатын субұрқақтар енді қаланың көркі ғана емес, заманауи инженерлік жетістіктің үлгісі болмақ.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Алматыда шамамен, 150 субұрқақ бар, оның 66-сы – коммуналдық меншікте. Қалғаны – жеке нысандарда: қонақүйлердің, ойыңсауық орталықтарының маңайында орналасқан.

ЖАҢА ЗЕРТХАНА

ғылым мен өндірісті байланыстыруды мақсат еткен инновациялық алаң



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы ашылды

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні. Әрі Қаныш Сәтбаевтың туғанына 126 жыл толуына орай Сәтбаев университетінде ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Іс-шараға Қаныш Имантайұлының ұрпақтары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев және өзге де ғалымдар қатысты.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

– Бүгін біз Қаныш Имантайұлының ұлтқа сіңірген еңбегін ұлықтап, тағзым ету үшін жиналып отырмыз. Бұл – ғылымның ғана емес, тұтас елдің ортақ мерекесі. Жақында бір үлкен жиында ақсақалдарымыздың бірі Қаныш Сәтбаевтың ел экономикасына қосқан үлесі туралы айтты. Оның есебі бойынша, академиктің бастамасымен ашылған пайдалы қазбалар елімізге шамамен, 200 миллиард доллар көлемінде табыс әкелген екен, – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Ол сонымен қатар, Мемлекет басшысының жоғары оқу орындарында ғылым-

ды дамыту тапсырмасы негізінде жүзеге асып жатқан жұмыстармен қысқаша таныстырды. Әрі Президент атап өткен жоғары оқу орындарын зерттеуші форматқа көшіру бағытында Сәтбаев университетінің жемісті нәтижелеріне тоқталды.

Саясат Нұрбектің айтуынша соңғы екі жылда университетте 20-дан астам жоғары деңгейлі зертхана ашылып, зерттеуші мәртебе берілген қосымша 20 миллиард теңге көлемінде қаржыландыру тартылған. Нәтижесінде осы зертханалар 2,5 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылған. Сонымен қатар, 1 миллиард теңгеден астам сомаға келісім-шарттар жасалып, жеке сектордан 1,5 миллиард теңге инвестиция салынған.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жиындағы сөзінде Астана-

да Сәтбаев университетінің филиалы ашылатынын хабарлады. Бұл жаңа оқу орны еліміздің техникалық білім беру саласын кеңейтіп, жастарға сапалы білім алуға жол ашпақ.

Іс-шаралар легі аясында ғылым мен инновацияны біріктіретін маңызды бастама жүзеге асты. Университетте жетілдірілген функционалдық материалдар бағы-

тында Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

«Инженерлік және өндірістік жүйелердегі жасанды интеллект: процестерді оңтайландыру және автоматтандыру шешімдері» тақырыбында халықаралық Satbaev International Conference 2025 конференция өтті. Академик Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай оның 10 томдық ғылыми еңбектері жинағының тұсауы кесілді. Пленарлық отырыста отандық ғылымның дамуына үлес қосқан ғалымдар марапатталды.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
ҚР Ғылым академиясының президенті:

– Ғылымды дамытпасақ, мемлекетте де өзгерістер болмайды. Ғылым – бір күнде нәтиже беретін сала емес, оған уақыт пен жүйе қажет. Ол үшін академия мен министрлік тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Жақында Мемлекет басшысы бірқатар әріптестерімізді марапаттады. Сол жиында ғылыми-зерттеу университеттерінің маңызын атап өтті. Қазір Қазақстанда он ғана ғылыми-зерттеу университеті бар. Сәтбаев атындағы техникалық университет – ғылым мен білімнің қара шаңырағы. Осындай жоғары оқу орындарының саны артса, еліміздің ғылымы да жаңа деңгейге көтеріледі, – деді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сана ҚАНАТБЕКҚЫЗЫ,
Қаныш Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің жетекші ғылыми қызметкері, профессор:

– Жаңа зертхана – ғылым мен өндірісті байланыстыруды мақсат еткен инновациялық алаң. Халықаралық мәртебесі бар орталықта әлемнің жетекші ғалымдарымен тығыз әріптестікте жұмыс істейміз. Мақсатымыз – зерттеу жұмысымызды өндірістік өнімге дейін жекізу. Қазақстан – ауыл шаруашылығы дамыған ел, сол себепті күнбағыс, күріш, мақта сияқты дақылдардан қалдық көп шығады.

Біз органикалық қалдықтарды қайта өңдеп, химия өндірісіне, медицина, ауыл шаруашылығы және экология саласына қажетті функционалды материалдар дайындаймыз. Мысалы, қуаңшылық кезеңінде жаңбырдың суын өзінің бойына жинап алады да, қажет кезінде береді. Екіншіден, жеміс-жидектерді қаптайтын, жеуге жарамды экологиялық таза пленка үлгілері дайындалуда. Осы әдіс шетелден келетін зиянды қоспаларға тәуелділікті азайтады.

ҒАЛЫМДАР ҮЙІ

ҒЫЛЫМ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Алматыдағы «Ғылым ордасының» мәжіліс залында «Ғылым күніне» арналған салтанатты жиын өтті. Іс-шараға еліміздің ғылыми қоғамының көрнекті өкілдері мен жас зерттеушілері қатысты. Жиын барысында еліміздегі ғылым саласының өркендеуіне зор үлес қосып жүрген үздіктер марапатталды. Аталмыш іс-шара аясында ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы озық ғылыми жетістіктер көрмесі өтті. Көрмеге жаңа технологиялар мен инновациялық жобалар қойылды.



Рая ЕСКЕНДІР

Салтанатты жиынды Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев ашып, өз құттықтауында ғылымның елдің дамуы үшін маңыздылығы туралы атап өтті.

– Академия әлемнің жетекші ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастықты жандандырып, бүгінгі таңда бұл бізге қысқа мерзімде артта қалушылықты жоюға және ғылымды дамытуда нақты серпіліс жасауға, шетелдік инвестицияларды тартуға, технологиялық дамыған елдердің жаңа білімдері мен үздік құзыреттерінің трансфертін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жалғыз жол екені анық. Біз қазірдің өзінде АҚШ, ҚХР, РФ, Германия және Оңтүстік Кореямен бірлесіп, ғылым саласына 143 млн АҚШ доллары-

нан астам шетелдік инвестицияларды тарта отырып, ірі ғылыми жобаларды іске асыруға бағытталған 5 бірлескен ғылыми орталық құрдық, – деді.

Ғылым қызметкерлері күніне орай Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының ұйытқы болуымен «Ғылым ордасының» ішкі ауласына «Сәтбаев сакурасы», терең тарихи және мәдени мағынаға ие Kanza және Kiku-Shidare атты сакура ағаштары отырғызылды.

«Ғылым ордасының» ауласынан орын алған сакура ағаштары бұл экологияға қосқан үлес қана емес, сонау 1960 жылдары жапон делегациясының көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевқа көрсеткен құрметінің қайта жанданғаны екенін де атап өтті. Айтулы қара шаңырақ, Ғылым академиясының ғимаратын Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен жапон тұтқындары тұрғызып, құрылыс кезінде академия басшысы Қаныш Сәтбаевтың қамқорлы-



ғын сезінген жапондар еліне қайтып, қазақ ғалымына деген разылық ретінде сакура ағашының көшетін жолдайды. Осылайша «Сәтбаев сакурасы» деген та-

рихи атау қайта жаңғырды. Іс-шараға академиктер, депутаттар, жапон делегациясының өкілдері, сондай-ақ Қазақстанның көрнекті ғалымдары қатысты.



«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ:

Еңбек нарығында қандай мамандықтар жойылады?

Алматыда жасанды интеллект тақырыбында AlmatyFair.ai көрмесі нәтижелі аяқталды. Онда саланың білікті сарапшылары жасанды интеллектке қатысты көптеген тақырыптарды талқылаған болатын. Соның ішінде аталған жаңа технологияның таяу болашақтағы еңбек нарығына қалай әсер ететіні туралы тақырып та бар.

Досбол
АТАЖАН

Көрмеде жасанды интеллект (AI) технологияларының өнеркәсіп, қаржы, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, білім беру және қалалық инфрақұрылым салаларына әсері көрсетілді. Сондай-ақ, Қазақстанның AI саласындағы негізгі бастамалары ұсынылды. Атап айтқанда, халықаралық Alem.ai жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасы, KazLLM ұлттық тілдік моделін дамыту, 8 мыңнан астам қолданушы тіркелген Ұлттық AI платформасының іске қосылуы және өңірдегі алғашқы жасанды интеллект мектебі – Tomorrow School-дың жұмысы қамтылды. Іс-шара алаңында өңірлік стартап-экожүйені қолдау мақсатында Astana Hub пен IT Park Uzbekistan бастамасымен құрылған Орталық Азияның ірі технопарктері альянсы – Central Asian Innovation Hubs қызметі таныстырылды.

Көрмеде компаниялар жасанды интеллектке қатысты инновациялық жобалары мен заманауи шешімдерін ұсынатын стартаптар аллеясы бой көтерді. Бұл тәжірибе алмасу, кәсіби байланыстар орнату және әлеуетті инвесторлармен кездесуге бірегей мүмкіндік берді. Ал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі IT-индустрияның экспорттық әлеуетін арттыру және трансшекаралық технологиялар трансферін ілгерілетуге бағытталған бірқатар маңызды келісімдерге қол қояды.

Одан бөлек, жасанды интеллект болашағы мен оған қатысты ұлттық стратегиялар, мемлекеттік басқарудағы AI, цифрлық көшпенділер және басқа да тақырыптарда сарапшылардың қаты-



(Сурет жасанды интеллекті арқылы жасалған).

суымен панельдік пікірталастар болды. Олардың бірі – «Қандай мамандықтар жойылады, ал қайсысы жасанды интеллект дамуымен пайда болады» деген тақырыпта өрбіді. Оған Black Ice AI жобасының негізін қалаушысы Элисар Нұрмағамбетов, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек, «Қазақтелеком» АҚ Цифрлық бизнес дивизионының бас директоры Абылайхан Оспанов, nFactorial мектебінің негізін қалаушы Арман Сүлейменов қатысты. Жасанды интеллект саласының сарапшылары болашақтағы еңбек нарығына қатысты ойларымен бөлісті.

АҚШ пен Ұлыбританияның құқық қорғау және барлау қызметтері қолда-

натын Black Ice AI жобасының негізін қалаушы Элисар Нұрмағамбетов ЖИ көптеген салада орташа мамандарды басып озғанын айтты.

– Иә, қазірдің өзінде орташа деңгейдегі программист, маркетинг, заңгерлерге қарағанда AI жұмысты жақсырақ істеп жатыр. Сондықтан бұл салаларда жаппай автоматтандыруға көшу болуы мүмкін. Сонымен қатар, болашақта ірі компаниялар программистердің санын көбейткенше AI арқылы өте тиімді жұ-

мыс істейтін шағын топтар құрады деп ойлаймын. Ал Jasper AI бүгінгі күні маркетингтің жұмысының 50 пайызын автоматтандыра алады. Сондықтан бұл барлық салаларға әсер етіп жатыр, – деді Элисар Нұрмағамбетов.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек қазір Call-орталықтың операторы, копирайтер, монтаж жасаушы сынды мамандықтарға сұраныс азайып жатқанын атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абылайхан ОСПАНОВ,
«Қазақтелеком» АҚ Цифрлық бизнес дивизионының
бас директоры:

AI КЕЙ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН БАСАДЫ

Адамдардың жұмыс күшін жасанды интеллект алмастырып жатқан басты жұмыстардың бірі – байланыс орталықтары. Қазір адамдар байланыс орталықтарына хабарласып, оларға жауап беріп тұрған тірі адам не жасанды интеллект екенін ажырата алмайды. Одан кейін мониторинг жүргізетін мамандарды айта аламыз. Мысалы, бізде желілердің жұмысын, ақауларын бақылайтын адамдардың жұмысы автоматтандырылған. Бұрынғыдай 10–15 адам емес, қазір датчиктерді бақылайтын 1–2 маман ғана отырады. Сондай-ақ сату менеджері мен аудармашы мамандықтар да алдағы уақытта жойылуы мүмкін. Қазірдің өзінде олардың жұмысын жасанды интеллект тиімді орындай алады.

Арман СҮЛЕЙМЕНОВ,
nFactorial мектебінің негізін қалаушы:

ЖИ-ДІ ШЕТКЕ ЫСЫРУ – ҚАТЕЛІК

Технологияның дамуымен кей мамандық жойылып, оның орнына басқа мамандықтар пайда болып жатады. Ал кей жұмыс түрі өзгере отырып өзін сақтап қалды. Мысалы, жазушылар қазір де бар. Олар бұрынғыдай жазу машинасымен емес, компьютермен жұмыс істейді. Смартфондардың тарауымен бәріміз фотоға айналдық, бірақ кәсіби фотографтардың жұмысы тоқтап қалған жоқ. Жасанды интеллект дамуымен бәрі басқаша болады дейін десек, болашақты болжай алмаймыз. Сондықтан қазір біздің тарапымыздан AI-ді шетке ысырып қою – қателік болады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚ:

Жыл басынан бері әлемдік экономика терең трансформация мен белгісіздік кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл үрдіс жекелеген елдердің ішкі шешімдерімен ғана емес, сондай-ақ сауда, тариф және геосаяси қақтығыстардың үдей түсуімен тығыз байланысты. Геосаяси шиеленістер, сауда режимдерінің қайта қаралуы, тарифтік кикілжіңдер мен протекционизмнің күшеюі әлемдік экономикалық тепе-теңдікті әлсіретуде. Әрбір мемлекеттің қабылдаған шешімі жаһандық тауар айналымына ықпал етіп, ұлттық экономика үшін сын-қатерлер қалыптастырып отыр.

Президент жаһандық нарықтағы жағдайдың бұлайша күрт өзгеруіне байланысты жоғары деңгейдегі кеңес өткізіп, экономикалық қауіпсіздік пен ұлттық мүддені қорғауға бағытталған нақты шараларды қарастыруды тапсырды. Премьер-министр Олжас Бектенов, Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов және басқа да лауазымды тұлғалардың қатысуымен өткен кеңесте тарифтік қақтығыстардың салдарын жұмсарту, экономикалық тәуекелдерді азайту және тиімді қарсы шараларды дер кезінде қабылдау жолдары талқыланды.

Ал алдағы аптада Мемлекет басшысы әлемдік нарықтағы жағдайдың өзгеруіне байланысты арнайы кеңес өткізбек. Осы орайда жаһандық саясаттағы белгісіздіктің артып отырған шағындағы еліміздің экономикалық өзгерістерге дайындығының мәні мен мазмұнын талдап көрелік.

Сауда соғысының жаңа сатысы ма?

АҚШ президенті Дональд Трамп 3 сәуір күні 180-нен астам елге жаңа салық тарифтерін енгізгені белгілі. Қытайға – 34%, Еуропалық Одақ елдеріне – 30% қосымша тариф жариялады. Бұған Қытай билігі жауап ретінде, 7 сәуір күні қосымша 50%-дық тариф жариялайтынын мәлімдеді. Вашингтон да Қытайға бағытталған тарифті 104%-ға дейін көтеретінін жариялады.

Бұл сауда соғысының жаңа сатыға шыққанын және жанама әсерлері тек осы елдермен шектелмейтінін көрсетсе керек. Қазақстан мен АҚШ тауар айналымы 2024 жылы \$3,4 млрд.-ты құрады. Қосымша тарифтер, жалпы экспорттың 4,8% бөлігіне бағытталып отыр.

Әлемдік тарифтер: Қазақстанға ықпалы қандай?

Сауда тарифтері – экономикалық саясаттағы екішты ұғым. Бір жағынан, қысқа мерзімді перспективада ішкі өндірісті қолдауға және мемлекет бюджетіне қосымша кіріс әкелуге мүмкіндік беретін тетік ретінде қарастырылса, екінші жағынан, тарифтердің енгізілуі бағаның өсуіне, өзге елдер тарапынан қарымта шаралардың қабылдануына және жалпы жаһандық сауда тиімділігінің төмендеуіне әкеп соғады.

Қазіргі таңда әлемдік сауда жүйесі айтарлықтай күрделі кезеңді бастан кешуде. Тарифтік соғыс қаупі, френдшоринг (сауданы тек «дос» саналатын

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық жағдайдың өзгеруіне байланысты жиын өткізді



(Дереккөз: www.e-dis.info).

елдермен шектеу) және преференциялық сауда режимдерінің кеңеюі себеп болуда. Мұндай құбылыстар жаһандық сауданың болашағын екі түрлі сценарийге жетелеуі мүмкін. Олар:

- **Жаһандану мен терең интеграциялық жобалардың жалғасуы;**
- **Протекционизм мен экономикалық фрагментацияның күшеюі.**

Екі байлам да соңғы 70 жылда қалыптасқан Бредтон вудс қаржылық сауда жүйесіне ауқымды өзгерістер алып келетін болады. Технологиялық тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектіге негізделген қызметтер мен цифрлық платформалардың дамуы кейбір тауарлардың классикалық импортқа тәуелділігін азайтуы мүмкін.

Алайда, басқа салаларда – мысалы, жартылай өткізгіштер (чиптер), электроника, сирек кездесетін металдар, бұлтты сервистер мен деректерді өңдеу орталықтары секілді салаларда – керісінше, жаһандық жеткізу тізбектеріне тәуелділікті арттыруы мүмкін.

Әрине, еліміздің экономикасы соңғы отыз жыл бойына аймақтық, өңірлік барлық экономикалық тараптармен белгілі бір деңгейде интеграциялық сипатқа енді. Қазақстанның экспортының 80%-дан астамы шикізат көздерінен, мұнай және газ өнімдерінен құралған. Негізгі сауда серіктестері – Еуропалық Одақ, Ресей және ҚХР. Әсіресе, АҚШ тарапынан енгізілуі мүмкін санкциялар мен тарифтер қазақстандық экспортқа қандай да бір ықпал етуі мүмкін деген мәселе күн тәртібінде тұрғаны анық. Дегенмен,

сарапшылардың пайымынша, Қазақстанның АҚШ-қа экономикалық тәуелділігі айтарлықтай жоғары емес. АҚШ Қазақстан экспортының небәрі 2-3 пайызын ғана құрайды. Салыстыру үшін Италияға экспорт көлемі – 22,9%, Қытайға – 18,3%, ал Ресейге – 11,7%.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Қазақстанның АҚШ пен сауда байланысы түрлі инвестициялық жобалар аясында, екі тарапты дамып келеді. Қазақстаннан АҚШ-қа экспортталатын мыс, ферроқорытпа, сирек кездесетін металдар, табиғи материалдар АҚШ үшін стратегиялық маңызға ие шикізат көзі, жарияланған қосымша тарифтен босатылған. Десе де, арқаны кеңге салатын кез емес екендігі анық. Қалай десек те, алдағы уақытта ресми Астананың экономикалық ұстанымының айқын әрі мығым болуы қажет. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жиын өткізіп, үкіметтің сауда тарифтік саясатына ерекше мән беруі осының айғағы деп білеміз.

Тарифтер тартысы: ұлттық экономикалық нақты бағдар қажет

Қазақстан экономикасы экспортқа бағдарланған. Шикізаттық бағыты сыртқы сұраныс пен жаһандық сауда тізбектеріне тікелей тәуелді. Егер әлемдік нарықтағы протекционистік үрдістер күшейсе, Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктеріне ықпал етіп, әсіресе сирек металдар, уран, ферроқорытпа және мұнай секторы бойын-

ша өзгерістер алып келуі ықтимал. Сондықтан Ұлттық экономика министрілігі тарапынан нақты қадамдарды анықтайтын бағдар болуы қажет.

Еліміздегі цифрлық инфрақұрылымды дамыту, логистика және өңдеу өнеркәсібін жетілдіру, жасанды интеллектіге негізделген технологиялық бағытты жаңарту ұзақ мерзімге алғанда стратегиялық тұрғыда елімізді бәсекеге қабілетті елдер тізіміне кіргізбек. Атап айтқанда, соңғы жылдары елімізде ерекше қарқынмен дамып, үкімет тарапынан ауқымды қолдау тауып отырған ауқымды деректерді өңдеу орталықтары, бұлтты технологиялар, электронды өнеркәсіп саласында белсенділік танытуы, еліміздің алдағы онжылдықта стратегиялық артықшылыққа айналуы мүмкін.

Тарифтер болашақта сирек қолданылатын саяси құрал болып қала ма, әлде кеңінен таралған тәжірибеге айнала ма – бұл мәселе жаһандық институттардың тұрақтылығы мен тиімділігіне байланысты. Қазірге анығы, халықаралық саясаттың тез құбылмалы екендігі. Екіншіден, ұлттық экономикалық бағытымыздың әрқашанда жаһандық өзгерістерге бейімделе алуы, тек Қазақстан үшін ғана емес, тұтас әлем елдеріне маңызды сабақ болып отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.





ШЕШІМ

*Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің
2025 жылғы 8 сәуірдегі
№1 шешімі*

*Алматы қаласы
Әділет департаментімен
2025 жылғы 10 сәуірдегі
№1804-02 болып тіркелген*

Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №06-01/05 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

ШЕШТІМ:

1. Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы «Алматы қаласы Медеу ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №06-01/05 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1602 болып тіркелген) келесідей өзгертулер және толықтырулар енгізілсін:

қосымшалардың: 1) шешімнің №1 қосымшасына сәйкес №361, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 375, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 388, 389, 390, 399, 401, 404, 405, 406, 407, 412, 414, 415, 416, 418, 419, 420, 537, 575, 591, 598 және 622 сайлау сайлау учаскелерінің шекаралары өзгертілсін;

2) шешімнің №2 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №673, 674 сайлау учаскелерімен толықтырылсын.

2. «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелсін;

2) осы шешімнің Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппарат жетекшісіне жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Медеу ауданының екімі	Е.ОРАЗАЛИН
<i>Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі №1 шешіміне 1-қосымша</i>	
№361 сайлау учаскесі	
Орталығы: Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 63, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы-ның «Мемлекеттік қуыршақ театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорниның ғимараты.	
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ришат және Мүсілім Абдуллиндер көшесі: 28А, 28/1, 30Б, 30, 34/38, 36/30, 38, 40, 43, 45 үйлер; Әйтеке би көшесі: 2, 2/37, 4, 5, 6, 11, 12, 14, 19, 21/32, 28, 34/1 үйлер; Бариебаев көшесі: 31, 33, 39А/9, 39В, 39, 39/9, 40/7, 42/10, 42/8, 43, 43/1, 43/2, 43/3, 43/4, 43/5, 43/6, 43/7, 43/8, 43/9, 44, 47, 50А, 50 үйлер; Бұзырбаев көшесі: 31, 31А, 81 үйлер; Гоголь көшесі: 2, 12А, 12, 14, 18, 20А, 20, 22А, 22, 24, 28 үйлер; Зенков көшесі: 20, 22 үйлер; Қазыбек би көшесі: 1, 3, 11, 13А, 13, 19, 21А, 21В, 21, 23Б, 29, 49, 41 үйлер; Гафу Қайырбеков көшесі: 31, 33, 35А, 35, 36/16, 37, 38, 40, 45, 46, 47, 48, 49А, 49, 52, 53, 54, 56, 58/15 үйлер; Қалдаяқов көшесі: 26, 38 үйлер.	
№364 сайлау учаскесі	
Орталығы: Алматы қаласы, Янушевич көшесі, 58, Алматы қаласы білім басқармасының «Александр Пушкин атындағы №4 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	
Сайлау учаскесінің шекарасы: Алтайская көшесі: 1А, 3, 4, 5, 6, 8 үй; Грузинская көшесі: 4, 5, 6А, 6, 8, 10, 12, 14/9, 16/4, 16 үй; Есенберлин көшесі: 31, 33, 35, 39, 41А, 41, 43А, 43, 45А, 45, 46, 47А, 47, 50, 51, 52/2, 53, 54/1, 55, 57, 58, 58/2, 59,60/1, 61А, 61, 62, 63А, 63, 64, 65 корпус 1, 65, 66, 67, 68, 69А, 69Б, 69, 70, 71, 72, 73А, 73 корпус 1, 73, 74, 74/1, 75А, 75Б, 75, 76/2 корпус 1, 76/2, 77, 78/1, 79, 80, 81, 82, 84, 85 корпус 1, 85, 86, 87, 89, 90, 91, 92А, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 99А, 99, 101, 102, 103, 104А, 104, 105А, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114/14, 115А, 115, 116, 117А, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125/12, 126А, 126, 127, 127/1А, 129, 131, 133, 134, 135, 136, 137, 138А, 138, 139, 140А, 140, 141 1 корпус, 141, 142, 143А, 143Б, 143, 144, 145, 146, 147А, 147, 155, 159 корпус 1, 159, 161, 163Б, 165, 167, 169, 173 үй; Казанская көшесі: 71, 83, 85 үй; Коперник көшесі: 60, 66А, 66Б, 66, 68, 70, 72А, 72, 74 корпус 1, 74, 76, 78А, 78, 80А корпус 1, 80А, 80, 88, 98, 100, 102, 104, 106А, 106, 110, 112А, 112В, 112, 114, 118Б, 118, 120, 122, 126 үй; Красnodонская көшесі: 2А, 3, 4, 6А, 6, 8, 9, 10, 11А, 11, 11/1, 12/5Б, 16, 18 үй; Кузцов көшесі: 56А, 58, 60, 62А, 62, 64, 65, 66, 67, 68А, 68, 69, 70А, 70, 71, 72А, 72, 73, 74, 75А, 75, 76, 77/18, 78А, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92А, 92, 93А, 93, 94 корпус 1, 94А, 95А, 95, 97, 99, 101, 103А, 105, 107А, 111, 113 үй; Рязанская көшесі: 2, 3, 4, 5А, 5, 6А, 6 үй; Средняя көшесі: 1А, 2, 1, 4А, 4, 5, 6, 7, 8А, 9Б, 9, 10, 18 үй; Томская көшесі: 3, 5, 6, 7/7, 8, 10, 12, 14, 15/5А, 16, 18, 21 үй; Тополевая көшесі: 1, 3, 5А, 5Б, 5, 9, 15, 17, 19, 23 үй; Учительская көшесі: 53, 57А, 57/5, 59/10, 61/7, 63А, 6А, 62/4, 67А, 67, 68/7, 70, 72А, 72Б, 72, 74А, 74А, 76/3, 78, 80, 82А, 82, 84, 86, 88, 90, 96, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106/16 үй; Шахмат Жәнібек көшесі: 1/58, 3, 5А, 5, 7/31, 9/44, 11, 15, 17, 19, 21А, 21, 23А, 23, 27/51, 29, 31, 33, 35, 37А, 37, 39, 41, 43А, 43/54 үй.	

№365 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Татарская көшесі, 32, «Медеу ауданының «№6 кітапхана» орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Айгөлек көшесі: 4, 5, 6, 7, 8/81 үй; Апорт көшесі: 1, 1/17, 2А, 2, 3, 4А, 4, 4/7, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11А, 11, 12, 13А, 13, 14, 15Б, 15, 16, 17, 18, 19, 20А, 22, 24А, 24, 26А, 26, 27/23, 28А, 28, 29А, 29, 30/34, 31А, 31, 32А, 32/1, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44/2, 46/1, 48, 50, 52, 53, 54, 55, 58, 59, 60А, 60,62А, 62, 64/2, 66, 66/1, 68, 70, 74, 78, 80/35, 82/40 үй; Базарбаев көшесі: 43/21, 47, 47А, 48А, 48, 49, 50/2, 51, 52/1, 53А, 53, 54, 55, 56/2, 57, 58А, 58/1, 59, 60, 61, 63, 65, 66, 67, 68, 69, 71А, 71, 75, 79, 81, 83 үй; Башкирская көшесі: 2, 4, 6А, 6, 10А, 12, 13, 14, 15, 16/16, 17, 18/15, 25, 27, 28А, 28, 29, 30, 32, 34, 36, 38 үй; Глубокая көшесі: 3, 4 корпус 1, 4, 5, 6, 7, 8А үй; Есенберлин көшесі: 148, 150, 156 үй; Казанская көшесі: 39/9, 41А, 41, 43, 45, 47/14, 48, 48/11, 49/13, 50А, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56/16, 57А, 57, 58/15, 59/4, 60, 61/7, 62, 64, 65, 66, 67А, 67, 68А, 68, 69, 70, 71А, 72, 74/6, 76/9, 77, 78, 79, 80А, 80Б, 80, 82, 84, 86А, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102А, 102, 104,106, 108/22, 110/15, 112, 114А, 114, 116, 118/8, 119 үй; Құмай көшесі: 1, 2А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 үй; Либкнехт көшесі: 3, 4, 9, 11, 12, 13/23, 14/19 үй; Малая көшесі: 18/5, 20, 22, 25 1 корпус, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 33, 33/35, 35, 37, 39 үй; Орынбор көшесі: 19/32 үй; Орманов көшесі: 31А, 31Б, 31В, 31Г, 31/1, 33,53/1,55,56,57, 58, 61, 63, 65, 67, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 75/1/7, 78, 79, 80, 81, 82А, 82, 83, 84А, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 92, 93, 94А, 95, 96, 97, 98, 99, 101, 103А, 103В, 104, 105А, 105Б, 105, 106А, 106, 107А, 107, 108А, 108, 111, 113А, 113, 115, 115/1, 119, 121, 133, 137А, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 159, 161, 165, 167, 169А, 171, 175 үй; Полевая көшесі: 48А, 48, 50, 52, 59, 63, 65, 67, 69, 71, 73 үй; Разъездная көшесі: 1, 3, 4А, 5, 7А, 11, 12А, 12, 13А, 13, 14, 16, 19, 20, 21А, 22, 24, 26, 28, 30, 32/21 үй; Рязанская көшесі: 7, 9, 13А, 13Б, 13В, 13, 15, 17, 19, 21А, 21, 23А, 23,27А, 27, 29 үй; Саратов көшесі: 2, 3А, 3, 4, 5, 6А, 6, 6/2, 8, 10, 11, 13А, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/36, 26, 28, 29, 30/38, 31, 32/27, 33, 34, 35, 36, 38, 40, 41А, 41Б, 41, 42, 43, 44/6, 45, 46/3, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53/6, 54, 55/5, 56, 58, 59, 60, 61, 62, 63/33, 64, 66, 68, 70/8, 72/7, 74, 76/1, 80, 82 үй; Средняя көшесі:11/75, 17, 20/73, 22А, 23А, 23/27, 34А үй; Татарская көшесі: 25/5, 27, 28/27, 29, 30А, 30, 31А, 31, 33, 34/12, 35/9, 36А, 36, 37, 38А, 38, 39, 40А, 40, 41, 42А, 42, 43, 44, 45, 46А, 46, 47А, 47Б, 47, 49, 51А, 51 үй; Уфимская көшесі: 2, 3А, 3/23, 4, 5А, 6, 7, 8, 15А, 19А, 19, 19/23 үй; Хоружей көшесі: 25/13, 27, 29, 31, 32А, 33/18, 34, 35/17, 36, 37А, 37, 38, 39, 40, 41А, 41, 42, 43, 44, 45, 47/18, 48/20, 48/20 корпус 1, 49А, 49/15, 50/19, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63А, 65, 67, 66/17, 68, 69, 70, 71, 72, 73А, 73, 74А, 74, 75, 76, 77, 78А, 79/19, 80, 81, 82, 83, 84, 85А, 85, 86, 87/10, 88, 90, 92, 94, 96 үй; Шахмат Жәнібек көшесі: 45/1, 45/2, 47А, 47Б, 47, 49А, 49 үй; Широкая көшесі: 1А/39, 2А, 4/37, 7, 8, 9, 13/46, 15, 17, 17А, 17, 19, 27, 29, 31 үй; Шухов көшесі: 69/33, 73А, 73/8, 75/7, 77, 79, 81/9, 83, 87А, 89, 91 үй.

№366 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Орынбор көшесі, 17, Алматы қаласы білім басқармасының «73 Гвардиялық Қызыл тулы Сталинград Дунай ақштарш дивизиясы атындағы №64 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Айгөлек көшесі: 11, 12, 13, 14, 18, 19, 20, 22 үй; Айдын көшесі: 1А, 1, 2Б, 2, 3, 5, 6/32, 8, 10А, 13, 16А, 16, 18А, 18, 19А, 19, 21, 22А, 24А, 24, 26А, 26, 27, 29А, 29, 31, 32, 34, 35, 37, 43, 45 үй; Ахмедсафин көшесі: 1А, 1Б, 1, 2А, 2Б, 2, 3/1, 4А, 4, 7, 8А, 8, 9, 11А, 11/21А, 13А, 15, 17, 18А, 18, 20А, 20, 21/66, 22, 23, 25, 27, 32, 33, 34, 35, 36, 37 үй; Базарбаев көшесі: 1А, 1Б, 2, 3А, 4, 5, 6, 8, 9/13, 11, 13, 14, 15/15, 16, 17, 18, 19, 20/26, 21/12, 22/17, 23/24, 16/2А, 12/5, 26/13, 27/15, 28А, 28, 29, 30/14, 31 корпус 1, 31, 32/17, 33/52, 34, 36, 37/47, 38/5А, 38/3А, 39/47, 40/49, 41/22, 42, 44, 46/24 үй; Брянская көшесі: 3, 6, 9, 10 үй; Владивостокская көшесі: 1/18, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 16/31, 17/15 үй; Глубокая көшесі: 11А, 11, 12, 19, 21, 23 үй; Иштан Қоныр көшесі: 1А, 1, 2А, 2, 3А, 3, 4, 4/1, 5А, 5, 6, 7А, 7, 8, 9, 10А, 10, 11/8, 12 корпус 1, 12, 13/11, 14, 15, 16, 17, 18/10, 19, 20/13, 22А, 22, 24А, 24, 26, 28, 30 үй; Коргачин көшесі: 3, 4, 6, 7/1, 8, 9, 11, 12, 13, 15, 17/1, 21, 23, 27, 29, 31, 33А, 33, 37А, 37, 39, 41, 45, 47, 49, 51, 53/93 үй; Крестьянский түйіңғы: 4, 5 корпус 1, 5, 6, 8, 10, 14, 16, 18 үй; Крымская көшесі: 27А, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 44 үй; Кордай көшесі: 15, 19, 21, 23А, 23, 25А, 25,26А, 26, 27Б, 28, 29А, 29, 30, 32А, 34 үй; Кордай түйіңғы көшесі: 12, 25,

29 үй; Құмай көшесі: 11А, 11, 12А, 12, 13, 14, 16А, 16 үй; Луговая көшесі: 3, 4, 5, 6/9, 7/13, 8/8, 9А, 9/10, 11, 19/10 үй; Николаев көшесі: 1А, 1Б, 18, 2Б, 2Б, 2, 2/1, 3, 4А, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 14, 15, 15/29, 16, 17, 19, 20/16, 21, 22, 24, 26, 28, 34, 35, 36, 38, 40, 44, 46, 7/47, 49, 50, 52, 53, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 65, 66, 69/72, 74, 75, 77, 80А, 80, 81, 83, 84 үй; Одесская көшесі: 1А, 1/47, 2, 3 корпус 1, 3, 4, 5, 6, 7, 13 үй; Оңеге көшесі: 1, 3, 5, 7 үй; Орынбор көшесі: 17, 18, 20А, 20, 22А, 22/19, 23/2, 24, 26, 28, 29/14, 30, 31, 32 корпус 1, 32, 33, 34/27, 35, 37, 39, 41, 43/29 үй; Орманов көшесі: 175 үй; Полевая көшесі: 2А, 2Б, 3, 4А, 4, 5, 6, 7, 8А, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14/6 корпус 1, 14/6, 15, 16/7А, 17, 18, 19А/5, 19, 20/14, 21, 22/9, 23А, 23/12, 24, 25/7, 26/8, 27, 28/5, 29/6, 30, 33, 35, 36, 37, 38/48, 39/4, 40/41, 41/7 корпус 1, 41/7, 42, 43/46, 44/1, 45, 47, 51, 53, 55/14 үй; Полевой түйіңғы: 1/14, 3, 5, 7А, 7, 9, 12А, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21А, 21, 23, 25, 26А, 26, 27 үй; Попович көшесі: 4, 6, 8-10, 9-11, 12, 15, 27, 28А үй; Портартурская көшесі: 1А, 1, 3, 4, 5А, 5, 6А, 6, 8А, 8, 10, 11, 13, 14А, 16, 18, 19, 21, 22, 23, 28, 30 үй; Псковская көшесі: 1, 2/33, 3, 4, 5, 6, 7, 8А, 8 корпус 1, 8 үй; Речка Казанка көшесі: 1А, 1Б, 1,8, 1Д, 1,3,5, 7, 9А, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27 үй; Саврасов көшесі:2/19, 3, 4, 5, 6, 8, 48/10 үй; Средняя көшесі: 29, 31, 35, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 50, 51, 52А, 53, 55А, 55, 56, 58, 59, 62 үй; Тажбеинов көшесі: 1/7, 2, 3, 4, 5, 7, 12, 15, 17, 20, 22, 24, 25, 26А, 26, 27, 28, 29 корпус 1, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37/28, 38А, 38, 40, 42/30 үй; Талинская көшесі: 1, 2А, 2/32А, 3, 4 үй; Ульяновская көшесі: 1/29, 2/31, 3, 4, 5/28, 6/30, 7, 8, 9/64, 10, 12, 14, 15/41, 16, 17, 19/16, 20, 21/15/22/34, 23, 25/16, 25, 27/15, 29, 31А, 31, 34, 38/16, 40, 42, 44 үй; Целиноградская көшесі: 1, 3, 5, 7/14, 9/5, 10, 11, 12/4/32, 15А, 15/29, 17, 19 үй; Цулукидзе көшесі: 1А, 1, 2А, 2Б, 2, 3, 4, 7А/8А, 8, 9, 10, 11А, 11, 12/7, 14 үй; Сабир Шаріпов көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8/2, 9, 10/11, 11, 12, 13А, 13, 14, 15А, 15, 17, 18/25, 19, 20, 21/18, 22, 23/23, 25, 27 үй; Широкая көшесі: 10А, 10/9, 16, 20А, 20, 26, 28А, 28, 36, 37, 38, 39, 40 үй; Шокай көшесі: 1А, 1Б, 1Г, 1, 2А, 2/45, 3А, 3, 4, 5, 6, 8, 9А, 9/5, 11, 12/2, 13А, 13/6, 14А, 14, 15А, 15, 17, 18, 20/4, 22/7, 23/13, 25, 26, 32, 33/11, 35, 36А/15А, 37, 31/16, 39А, 41А, 41, 43/37, 45А, 45, 49/36, 50/15, 51, 55, 56, 59, 60, 62/42, 64/39, 66, 68, 70/38, 72, 73, 74, 76, 79, 94, 96 үй; Шухов көшесі: 1, 2Б, 2Б, 2Г, 2Д, 2Е, 2Ж, 2К, 2П, 2М, 2Т, 2/2, 2, 3/4/43, 2/5, 3А, 3, 4, 5А, 5Б, 5, 8, 9А, 9, 10, 11А, 11Г, 11, 12, 13А, 13, 15 корпус 1, 15, 17А, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25А, 25, 26/2А, 27/46, 28/1, 29/41, 30, 31, 32, 33А, 33, 34, 34/1, 35/27, 36А, 36, 37, 37А, 37, 38А, 38, 39А, 39Б, 39В, 40, 41А, 41Б, 41, 42, 43/23, 44/1, 45А, 45, 46А, 46, 47/24, 48, 49/19, 50/16, 51, 52, 53А, 53/20, 54, 55/23, 56, 57, 58, 59/60, 60, 61/55А, 61/5, 62/63, 64/26, 65, 68/70, 72/22, 74/25, 76, 78, 80, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 104/10, 106, 108, 110 үй.

№367 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Глубокая көшесі, 18, Алматы қаласы білім басқармасының «№53 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Айгөлек көшесі: 25 үйлер; Қасым Аманжолов көшесі: 1/72, 3, 4, 5, 6, 7 корпус 1, 7, 8, 9, 10, 11, 13 үй; Ахмедсафин көшесі: 51А, 51/12, 56/18, 58, 60 үй; Веренская көшесі: 4, 6, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17Б, 17, 19А, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28/58, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35/15, 36, 37/20, 38, 39, 40/55, 41, 43, 49А, 49, 51, 53 үй; Владивостокская көшесі: 35/1, 38, 40, 42 үй; Глубокая көшесі: 28, 29А,

№379 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Самал-2 шағынауданы, 22, Алматы қаласы білім басқарма-сының «Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекаралары: Достық даңғылы: 89/1, 89/2 үйлер; Самал-1 шағынауданы: 2, 3, 4, 5, 6, 9, 9/2, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 25, 26, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 94, 96 үйлер; Самал-2 шағынауданы: 26, 88А, 89, 90 үйлер.

№380 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Көкөтөбе шағынауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 69, Алматы қаласы білім басқармасының «Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Көкөтөбе шағынауданы Басбатыр көшесі: 1А, 1, 2, 4, 5А, 5, 6Б, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 21А, 12, 23, 25, 27, 28, 29, 31, 33, 35, 37, 46 үй; Водная көшесі: 34, 35, 36А, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 52, 53, 54, 57 үй; Көкөтөбе шағынауданы Городская көшесі: 3, 4, 6А, 6, 7А, 7Б, 7, 14, 18, 20, 23/2, 31 үй; Көкөтөбе шағынауданы Городская тұйық көшесі: 2, 8А, 9, 11, 15, 19, 21, 22, 23 үй; Көкөтөбе шағынауданы Диваев көшесі: 1, 3А, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 19, 21, 23, 25, 28 үй; Көкөтөбе шағынауданы Домбыра көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 15, 16, 17А, 18, 19, 20А, 20, 21, 23А, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 32, 36, 38, 40, 44, 46, 48 үй; Каззречка көшесі: 10, 13, 18, 24/1, 25, 29, 33, 34, 35, 39, 416, 43, 456, 47, 51А, 57А, 61, 63, 65, 67, 73, 75, 77, 79 үй; Көкөтөбе шағынауданы Максимов көшесі: 1, 2А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17А, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23/25, 24А, 25, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 37, 39А, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55/2, 59А, 61, 63, 65, 67, 67/1, 69, 73 үй; Көкөтөбе шағынауданы Маңғыстау көшесі: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 31, 32, 35, 36, 37, 38, 40, 42, 44/9 үй; Көкөтөбе шағынауданы Радлов көшесі: 1А, 1Б, 2, 29, 4, 5Г, 5, 7А, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 19А, 19/42, 20, 24, 25, 26, 28, 30, 32, 33, 38, 40, 42, 44, 46, 48/49, 49, 52, 53, 54, 55, 56, 58, 60, 62, 64, 65, 66/33, 69, 70, 71, 72 корпус 1, 72, 74, 75, 76, 78, 80, 81, 83, 84, 86, 88, 89, 90, 91, 92/1, 93, 95, 96, 98, 99, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130А, 132, 134, 136А, 138, 142 үй; Көкөтөбе шағынауданы Сахариев көшесі: 1, 2, 3, 4, 7, 8/1, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17А, 17, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 41, 43, 43/1, 44, 47, 47, 52А, 54, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77А, 77, 79А, 79, 81, 83, 85А, 87, 90, 91, 92, 93, 94, 96, 98, 106, 108, 120 үй; Тополков көшесі: 2, 3, 4, 5, 6/2, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36 үй; Трофимов көшесі: 3, 4, 5А, 5, 6, 7, 8, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21/34, 22, 24, 26, 30, 32, 34, 36, 38, 42А, 42, 44, 46 үй; Көкөтөбе шағынауданы Хмелев көшесі: 1/13, 2/15, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 корпус 1, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34/68 үй; Көкөтөбе шағынауданы Шымбулак көшесі: 1а, 3, 4, 6, 8, 9, 10А, 10, 11, 12 корпус 1, 12, 14, 15, 16, 17А, 17, 19, 20А, 20, 21, 23, 25 үй; Яблочная көшесі: 1, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17 үй.

№381 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Самал-2 шағынауданы, 22, Алматы қаласы білім басқарма-сының «Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекаралары: Достық даңғылы: 91А, 91Б, 91, 93А, 93Б, 93В, 93, 95А, 95Б, 95, 97А, 97Б, 97, 99А, 99Б, 99В, 99 үйлер; Самал-2 шағынауданы: 12, 16Б, 16В, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22В, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33А, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 41 үйлер.

№382 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Самал-2 шағынауданы, 22, Алматы қаласы білім басқарма-сының «Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Самал-2 шағынауданы Каскад гараж кооперативі: 4 үй; Достық даңғылы: 91/1; Самал-2 шағынауданы: 2, 2А, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 67, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 84, 85, 86, 87, 88, 91, 104, 105А, 105 үй; Назарбаев даңғылы: 226/16, 226/3, 226/4, 226/5, 226/7, 226/8, 228, 440 үй.

№383 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 226А, Алматы қаласы білім басқармасының «Дмитрий Снегин атындағы №30 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Әл-Фараби даңғылы: 1А, 1Б үй; Армянская көшесі: 5В, 5, 5/1, 7А, 7Б, 9, 11, 14 үй; Батурын көшесі: 1, 2А, 2, 3, 2/2, 4, 5, 8/7, 9, 11, 12, 16 үй; Бегалин көшесі: 145/15, 147, 149,151, 153, 164, 166, 168, 170, 172Б, 172, 174А, 174, 176А, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 196, 198, 200, 202, 204, 210, 214, 216, 218, 220, 224 үй; Береговая көшесі: 4, 6, 7, 8А, 8, 10, 12, 14, 18, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 12, 29Б, 33, 35, 37, 39, 41/10 үй; Горновосточная көшесі: 15А, 15, 17, 19, 21, 23, 25 үй; Горный тұйық көшесі: 3А, 3, 4, 5/1, 6 корпус 1, 6, 8, 8/10, 12, 13/24, 14, 15, 16/1, 16/2, 17А, 17Б, 17, 19, 21Б, 21, 22, 24, 26, 27, 28А, 28Б, 29, 30, 31/3, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51А, 51, 53, 55, 57А, 57, 59 үй; Достық даңғылы: 184, 198, 200, 204А/3, 206, 208, 210, 248А, 248, 250 үй; Елбөкөв көшесі: 2А, 2, 4, 5, 6А, 6, 6/52, 10А, 12, 16, 17, 17/7, 18А, 18, 19А, 20, 21, 22А, 22Б, 22, 24, 26, 27, 28, 29, 30/5, 32, 34А, 34, 36, 38, 40, 42 корпус 1, 42, 44, 46/13, 48, 50, 52/6, 56 үй; Каменистая көшесі: 11, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27 үй; Керей-Жәнібек хандар көшесі: 1А, 1, 3А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9Г, 9, 11, 12, 13, 14, 15А, 15Б, 16, 17А, 19А, 19Б, 19, 21, 22/2, 23, 25, 26, 27/11, 27/13, 27/2, 27/3, 27/4, 27/5, 27/6, 27/7, 29, 34Б, 34, 34/1, 36А, 36Б, 36В, 36, 36/1/1, 36/2, 36/3, 36/7, 38А, 38, 40, 42, 46, 57Б, 56, 60, 69 үй; Коккинкай көшесі: 5, 7, 9А, 9, 19А, 19/16А, 21 үй; Луганский көшесі: 30А, 30/1, 32А, 32Б, 32В, 32, 34А, 34Б, 34А, 38А, 38Б, 38, 38/1, 40А, 40, 42, 44/2, 44А, 46, 46, 48А, 48, 50, 52, 54, 56, 61А, 61Б, 61В, 62А, 62, 64, 66, 68, 69, 70, 71, 73, 75, 77, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89А, 90, 91, 92, 94, 95Б, 95, 96, 97А, 97Б, 97, 98, 99А, 99Б, 99, 100А, 100, 101, 102, 103А, 103Б, 103, 104А, 104, 105А, 105Б, 105В, 105Г, 105Д, 105, 106, 108 корпус 1, 109А, 109, 110, 111, 112, 114, 115А, 115Б, 115, 116, 117, 118, 120, 131, 133, 133/1, 139, 141А, 141, 143, 145, 147А, 147, 149 үй; Ныютон көшесі:1/1, 7А, 7, 9А, 9 үй; Ж.Омарова көшесі: 8 үй; Рубинштейн көшесі: 3/25, 3/25 корпус 1, 4, 6, 7А, 7Б, 7Б, 7/1, 8, 9А, 10, 11, 12, 14/23, 15А, 15, 22, 24А, 24, 26А, 26, 28, 30, 32, 34, 38А, 38, 40, 42, 44 үй; Сырмак көшесі: 2, 3, 4, 5, 6, 8, 12, 16, 18, 22А, 22Б, 26, 28, 32, 34, 34/36, 36, 38, 40, 42, 44 үй; Тәттімбет көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6А, 7, 8А, 8, 14, 16, 18А, 18, 22А, 26, 28А, 28Б, 28 үй; Ужгородская көшесі: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 11 үй; Фон-визин көшесі: 8А, 10, 12, 15, 17А, 18, 20А, 20, 27А, 29, 30/8, 35/6А, 35/6 үй.

№384 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 289, Алматы қаласы білім басқармасының «№163 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Жиенқұлова көшесі: 2, 4, 5, 7, 19, 27, 29А, 33, 35, 36, 37А, 38, 40, 41, 50, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 62, 63, 65, 66, 67/2, 68, 68/2, 70, 71, 72, 75, 76А, 77, 79А, 79, 84, 85, 86, 87, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 102 үй; Кирпичнозаводская 11 көшесі: 8, 20, 26, 28, 36, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 52А, 54, 56, 58, 60, 62, 64 үй; Кирпичнозаводская-9 көшесі: 1, 5, 6, 10, 12, 14, 20, 23, 24, 26, 30, 32, 34, 35, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 47, 50Б, 54 үй; Қисанов көшесі: 2, 19 үй; Самал-2 шағынауданы: 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 58 үй; Самал-3 шағынауданы: 9, 10, 11, 12, 15 корпус 1, 15 корпус 2, 15, 20/2, 25 үй; Назарбаев даңғылы: 244А, 244, 246А, 246/6А, 253, 269, 269/1, 271, 275А, 275А, 275, 275/8, 285, 289, 301, 311, 313Б, 313 үй; Панфилов көшесі: 216, 233, 327, 329А, 240А, 241, 242, 243, 245, 248, 249, 251, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 262, 263, 264, 265, 266, 267, 269, 271, 280, 282, 284, 286 үй; Тайманов көшесі: 190, 192, 194 үй; Қажымұқан көшесі: 55, 59, 75, 77, 81, 83, 85, 93, 95, 97А корпус 1, 97А, 97 үй.

№388 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 310Б, Алматы қаласы білім басқармасының «№48 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Мұзтау шағынауданы Айдарлы көшесі: 1А, 1, 1/1, 2, 3, 3/1, 4, 6, 7, 8, 9, 10А, 10, 11А, 12В, 13, 14А, 14Б, 15, 16А, 16, 19, 21, 31/2 үй; Алма-тау көшесі: 5, 9, 10, 11, 12, 15, 27 үй; Мұзтау шағынауданы Бейсенов көшесі: 2, 3А, 4, 5, 6А, 6, 7А, 7, 8, 9, 10, 12А, 12, 14, 16, 17А, 18, 19А, 19Б, 19, 20, 22, 23, 24, 25А, 25, 26А, 26, 27, 28, 29, 30, 30/3, 31, 32, 33А, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 60, 62, 69, 72, 78, 90, 96, 100, 110, 114, 165/1, 171 үй; Достық даңғылы: 187А, 291А, 291Б, 291/1, 291/10, 291/2, 291/20, 291/3, 291/33, 291/34, 291/35, 291/4, 291/5 корпус 1, 291/5 корпус 2, 291/5, 291/6, 291/7, 291/8, 291/9, 296, 296/1, 299/3, 300/35, 301/10, 302А, 302/1, 302/11, 302/2, 302/6, 305, 307, 308В, 308/1, 308/10, 308/11, 308/12, 308/13, 308/15, 308/16, 308/17, 308/18, 308/19, 308/32, 308/20, 308/21, 308/23, 308/26, 308/27, 308/28, 308/29, 308/30, 308/31, 308/32, 308/36, 308/4, 308/5, 308/6, 308/8, 309, 310Б, 310Б/6, 310/8, 310/10, 310/11, 310/12, 310/13, 310/14, 310/16, 310/17, 310/3, 310/6, 310/7, 310/8, 313, 315, 317, 319, 321, 323, 325, 331, 333, 335, 337, 339, 343, 345, 347, 349, 351, 353, 355А, 355, 355/1, 357, 359, 363А, 363, 365, 367, 369, 371, 373, 377, 377/2, 377/3, 377/5, 378, 387, 391, 393, 395, 397, 398, 399, 401, 401/2, 403, 405, 407, 411, 413А корпус 1, 413, 415Б, 415, 417, 419, 425, 427, 429, 431, 433, 435, 437, 439, 445, 449, 451, 453, 455, 459, 463, 469, 471, 473, 475, 477, 479, 481, 483, 485, 487, 489, 493, 495, 497, 501, 503, 507, 513, 515, 517, 519, 521, 523, 525, 527, 529, 531, 533, 537, 539А, 544, 544/11, 555, 707, 757, 777 үй; Мұзтау шағынауданы Замар-таз көшесі: 1, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14А, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21А, 22, 23, 24, 25, 26, 32, 36, 99 үй; Керей-Жәнібек Хандар көшесі: 78, 103Б, 103Б/1, 103Б/6, 103Д, 103/1, 103/10, 103/14, 103/16, 103/17, 103/19, 103/21, 103/3, 103/7, 105, 115А, 153В, 155, 155/1, 155/5, 159А, 159, 161, 163А, 163, 165А, 165Б, 165, 167А, 167, 169А, 171, 173А, 173, 175, 177, 215А, 215, 217А, 217Б, 217, 219, 221, 223А, 223, 225, 227, 231, 232, 233, 235, 239, 241А, 241, 243А, 243, 245, 255, 257, 259Б, 260, 263, 276/1, 276/10, 276/11, 276/12, 276/14, 276/2, 276/3, 276/4, 276/5, 276/6, 276/7, 276/8, 276/9, 314А, 341, 372, 374, 376, 377, 389, 395, 397, 399А, 399, 401, 402, 403А, 403, 404, 405, 406, 408, 412В, 412, 414, 416, 420/8, 433, 439, 439/1, 443А, 443/5, 448А, 470А, 470Б, 470Б, 470Д, 470Е, 470, 470/1, 470/2, 470/20, 470/3, 470/6, 470/7, 472/6, 483, 484, 485А, 491А, 496, 497Б, 499, 500А, 500, 500/1, 500/11, 500/20, 500/21, 500/24, 500/4, 500/6, 500/7, 500/9, 502, 503А, 505, 507Б, 521, 532А, 532, 532/1, 534А, 536, 538, 540, 542, 545А, 546А, 546, 548, 550, 552, 554, 558, 564, 580, 598, 602, 630, 636, 670 үй; Мұзтау шағынауданы: 1, 15, 31/2, 189 үй; Оспанов көшесі: 5, 10, 12, 13, 14, 16, 17А, 18А, 18, 20, 22, 24, 26, 28А, 28, 28/1, 30, 32, 34, 36А, 36, 40, 42, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 66, 70, 72, 74А, 74, 76А, 76, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96А, 96, 98, 100, 102, 104 үй; Гелиос бағбандық серіктестігі Көлсай шағынауданы: 6, 19, 25, 36, 45, 65, 70, 73, 76, 82, 103 үй; Чилина көшесі: 3А, 3, 5Б, 7 үй; Мұзтау шағынауданы Шыбынсай көшесі: 10 үй; Мұзтау шағынауданы Южная көшесі: 1, 2, 4, 5, 7, 10, 11, 12, 13, 14, 15А, 15, 16, 19, 20, 21А, 22А, 22, 32, 36, 37, 51А үй.

№389 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Таусамалы шағынауданы, Олимпийская көшесі, 1, Алматы

қаласы білім басқармасының «№47 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкесісінің шекарасы: Әжібай батыр көшесі: 9, 10/2, 12, 13, 16, 20, 1, 21, 22, 23, 24, 25А, 30, 31, 32, 37, 44 үй; Алғыс көшесі: 1/9, 2/2, 2А, 4, 5, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 17/5, 17/6, 18, 19, 22, 24, 26, 28, 29, 30 үй; Весновка көшесі: 82 үй; Достық даңғылы: 291, 291/14, 291/15, 291/16, 291/17, 291/18, 291/21, 291/25, 291/26 корпус 1, 291/26, 291/27, 291/28, 291/29, 300/60, 300/60 корпус 2, 300/60 корпус 4 үй; Таусамалы шағынауданы Қожабергенов көшесі: 1Б, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 10А, 11, 12А, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 корпус 1, 28, 29, 30, 31, 32/1, 33, 35, 36, 38 үй; Көңілтолқыны көшесі: 1, 2А, 2, 2Б, 2Б, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 23, 24, 26, 28, 30, 34, 35, 36, 38, 38/1, 40, 40А, 42, 44, 46, 46А үй; Қошемет көшесі: 1, 2, 2Б, 3, 6, 11, 12, 15, 16, 18В, 19, 22, 24, 25, 27, 29, 31, 33, 35 үй; Құрмет көшесі: 1, 1/8, 2, 4, 9, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 27, 27/1, 28, 29, 29А, 29Б, 30, 31, 33, 33А, 35А, 35/1, 37, 37А, 37Б, 39, 39/2, 41, 43 үй; Шарапат шағынауданы Ладущкин көшесі: 3/2, 10, 10/1, 11, 17, 19, 26, 42, 128, 128А, 130, 137, 149, 150/1, 152/2, 150/3, 150/4, 150/5 үй; Ладущкин көшесі: 2, 2/3, 3, 14, 15, 16, 20, 24, 26, 28, 31, 32, 36, 37, 39, 40, 41, 41/2, 43, 45, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 60, 61, 61 корпус 1, 62, 63, 64, 64А, 65, 65А, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74,

114, 116/7 үй; Сарыбай көшесі: 49/78, 51, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59/71, 61/58, 62/69, 63, 64/56, 65, 66, 67/31, 68, 69/42, 70, 71, 72/29, 73, 73/1, 74/40, 75, 76, 77, 78, 79/67, 80/65, 82/58, 82/1, 83, 84, 85, 86, 86/41, 87/43, 90, 91А, 91, 92, 93, 94/63, 95/65 үй; Тайров көшесі: 129/2, 131, 139, 147, 149, 151, 153А, 153, 155А, 155, 157, 159, 165, 167, 169/1, 179, 181, 183, 187А үй; Тәптебков көшесі: 55/44, 57, 59/33, 65, 68, 70, 72А, 72, 72/29, 74, 74/2, 76, 77/21, 78, 78/1, 80/31, 82/30, 84, 88, 90, 92А, 92, 96/24, 98, 102/15, 104/18, 106, 108 корпус 1, 108, 110, 112/19 үй; Титов көшесі: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8А, 8, 9, 10, 12, 14-16, 15, 17, 18, 19, 24, 25 корпус 1, 25, 26, 27, 28, 36, 38, 40, 46, 48, 50/58 корпус 1, 54, 56, 62А, 62, 68, 72, 74, 80 корпус 1, 80, 82, 84, 88/45, 90, 96 үй; Үште-бе көшесі: 4, 6, 8, 10А, 10, 12А, 12, 14, 18/21, 20, 22/54, 24/35, 26, 28, 30/66, 30/66 корпус 1 үй; Целиноградская көшесі: 2 үй; Халиуллин көшесі: 2, 2/30, 3, 4/66, 5/28, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15/66, 15/2, 16/98, 17/57 корпус 1, 17/57, 19, 20, 21, 22, 27, 29А, 29, 31, 36/53, 39, 40, 43, 44/75, 45, 46, 47А, 48, 50, 52/70, 53, 55А, 55, 56А, 56, 60/81, 61А, 61, 62, 63А, 63, 64/70, 69, 71, 79, 81/83 үй; Чаплин көшесі: 42/86, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 51/79, 52/77, 55, 56, 57, 58, 59/41, 61/52, 62А, 62/50, 63, 64, 65, 67, 68/73, 72, 72/1, 74, 76, 78/49, 80/56, 82, 84, 86, 88, 90/69 үй; Шүчинская көшесі: 1/65, 2А, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 10/100, 11, 12/87, 13, 14, 16, 19, 21, 22, 23, 25, 30, 31, 32, 36/85, 37, 38, 39, 40, 42, 44, 45, 46/88, 47, 48/89, 50А, 50, 52, 54 үй.

№412 сайлау уәкескісі

Орталығы: Алматы қаласы, Думан шағынауданы, Қарқаралы көшесі, 15, Алматы қаласы білім басқармасының «№172 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкескісінің шекарасы: Думан шағынауданы Алатау көшесі: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21/34, 22, 24А, 24, 26А, 26, 32А үй; Думан шағынауданы Алтын Емел көшесі: 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 корпус 1, 18, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34 үй; Қасым Аманжолов көшесі: 16, 17/66, 18, 19, 21, 22/96, 23, 24, 26, 27/98, 28, 29, 31, 32/152, 33, 34, 35/129, 38/147, 39, 41, 42А, 42, 43, 44б, 44, 45, 47, 48А, 49А/14-8А, 50А, 50Б, 50, 52, 52/1, 52/2, 52/3, 53А, 53, 67А, 67, 69, 73 үй; Думан шағынауданы Аңырақай көшесі: 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17/52, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29/18 үй; Думан шағынауданы Арыс көшесі: 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13/30, 18, 20, 32/2 үй; Думан шағынауданы Аяз би көшесі: 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 74, 76, 78, 80А, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94А үй; Думан шағынауданы Бішкек көшесі: 12/36, 12, 20, 23/33, 26А, 26/25, 30А, 36, 32/48, 37, 38, 40А, 40Б, 40В, 40 үй; Бригадная көшесі: 29, 31, 33, 35, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54 корпус 1, 54, 54/1, 55, 56, 57А, 57, 58, 59, 61, 62, 63А, 63, 64, 65, 67, 68, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 90, 94 үй; Веренинская көшесі: 74, 76/69, 89, 91, 93/73 үй; Говоров көшесі: 57, 59, 61А, 61, 63/49, 79, 81, 83 корпус 1, 83, 85, 86, 88, 90/47, 94, 96, 98, 100А, 100, 102, 106А, 106, 108, 110, 112, 114 үй; Демченко көшесі: 1/62, 2/60, 3, 4, 5, 6, 7, 8/45, 9, 11, 13, 15/47 үй; Думан шағынауданы Жиренше көшесі: 73, 5А, 75, 77, 81, 83, 87, 89А, 89, 95 үй; Думан шағынауданы Қазығұрт көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 18, 20/13, 21/11, 22, 22/19, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31/22 үй; Думан шағынауданы Қарашай көшесі: 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92А/89, 109 үй; Қаримаев көшесі: 2, 4, 6А, 6, 8, 10, 10/1, 12, 14, 16, 18А, 20А, 20, 21, 22А, 22Б, 22, 23, 24А, 24, 25/27, 26А, 26, 27, 28, 29/64, 30Б, 30, 31/65, 31/65 корпус 1, 32А, 32, 33А, 35, 37, 39А, 39/58, 43, 45, 47А, 51А, 51, 53А, 53, 55/68, 59, 61, 63, 65, 67, 75, 77, 79 үй; Кәрімбаев-2 көшесі: 2, 4, 6, 8, 9, 10, 12, 13, 19, 21, 28 үй; Думан шағынауданы Қызылжар көшесі: 4, 6, 8, 10, 12, 14, 15/15, 16, 18, 19, 20, 22/19, 25, 26, 28, 30, 32, 33, 33/1, 34, 35, 36, 38, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 64 үй; Думан шағынауданы: 130, 152, 196, 390, 489, 559 үй; Морозов көшесі: 50, 51, 52А, 52, 53, 55, 57, 59, 59/41, 65, 67, 69А, 69, 71, 75, 77, 79, 81; Рудуктаз көшесі: 29, 31, 33, 35/63, 39, 41, 43, 49, 49/1, 51А үй; Думан шағынауданы Сарыарқа көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17/3, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27/14, 28/16 үй; Думан шағынауданы Тарбағатай көшесі: 1А, 1, 2А, 2, 3, 5, 8, 9, 11, 14/7, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24 үй; Оразбаева көшесі: 48, 50, 53, 55, 56, 58, 58, 61А, 63 үй; Думан шағынауданы Хан таңірі көшесі: 48/15, 50/60, 62/16, 50/24, 50/14, 56, 55, 56/15, 57 корпус 1, 57, 58/14, 59, 60, 60/13, 61, 62/10, 63, 64, 65, 66, 67, 69, 71, 73/17, 75/16, 77, 79, 81, 83, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115 үй; Целиноградская көшесі: 65, 67, 68/37, 69А, 69, 70, 71/52, 72, 73/57, 74/54, 75, 76/59, 78, 80, 82, 84/56 үй; Чекалин көшесі: 62, 64, 66, 71, 73, 75, 77/57 үй; Сабыр Шәріпов көшесі: 82, 84, 86, 100/46, 92/51, 94, 96, 98, 104/78, 104/51, 104, 106, 108, 110/84, 114, 116, 118, 128/60, 122/69, 124, 126А, 126, 128, 130, 132, 134, 136/70, 138/87, 138/87 корпус 1, 140, 142, 144, 146 үй.

№414 сайлау уәкескісі

Орталығы: Алматы қаласы, Таулы қырат шағынауданы, М.Жуков көшесі, 140, Алматы қаласы білім басқармасының «№77 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкескісінің шекарасы: Әзірбаев көшесі: 1, 3, 4, 5/1, 6, 7/2, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33А, 34, 35, 36, 37, 39, 40 корпус 1, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46/1, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 57, 59, 60, 61, 63, 65/1, 70, 73/45, 75/184, 76, 77, 78, 82, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 101, 102/83, 102/83 корпус 1, 103 үй; Таулы қырат шағынауданы Ар-қалық көшесі: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 19, 21, 26 корпус 1, 26 үй; Ахмедияров көшесі: 2/103, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19/29, 20, 22, 23, 25, 27А, 29, 31, 32/126, 34, 36А, 36, 37, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 55, 57 корпус 1, 47 блок 2, 47 блок 3, 47 блок 5, 47 блок 6, 48, 49, 50, 51, 51-53, 52/120, 54/117, 55, 57, 58, 59, 60, 62/40, 63, 64, 65/73, 66, 67/44, 68Б, 69А, 69 корпус 1, 69, 70, 71, 72, 73, 73/1, 74, 75, 77, 165/30 үй; Таулы қырат шағынауданы Баранский көшесі: 4, 7А, 7, 10, 12, 13, 14, 15, 16/24, 19, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32/6 үй; Индивидуальное саяжай кооперативы: 5 үй; Жаркент көшесі: 1/81, 15, 17, 19, 21, 23, 25/147 үй; Достық даңғылы: 125А, 131, 137, 155А, 300/25, 300/27, 300/31, 300/38, 300/4, 300/40, 300/44, 300/54, 300/55, 300/56, 300/57, 326 үй; Жамақав көшесі: 105/45, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135/38, 136/47, 138, 139, 140, 141, 142, 143/72, 144, 147/19, 148, 149/14, 150, 151, 152, 153, 154, 155А, 155, 156, 157А, 157Б, 158, 159А, 160, 161А, 161, 162, 163Б, 163Г, 163, 164, 165, 166, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 182/74, 186, 187, 188, 190А, 190, 191, 192, 194, 198, 200, 202, 204, 206, 216/21, 218, 220, 221, 222, 224, 226, 228, 232, 234, 236, 238, 240, 242, 244, 246, 247, 248, 250А, 250, 272, 272/1, 274, 276, 278 үй; Таулы қырат шағынауданы Жуков көшесі: 126/19, 128, 130, 132, 134, 135/17, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 143, 147, 149, 151, 153А, 153, 157, 159, 163, 165/30 үй; Таулы қырат шағынауданы Затеаевич көшесі: 21, 23, 25/1, 29, 31, 35/100, 37, 39, 41, 43, 49, 51, 53, 57, 59, 61/86, 63, 65, 67А, 67Б, 67, 67/49, 69, 71, 81, 83, 85, 87 үй; Ивановлов көшесі: 5, 6, 7, 8, 9, 10А, 10Б, 10, 11, 12А, 13, 15, 17, 188, 18, 20А, 20Б, 20Б, 20, 22А, 22, 23, 24А, 24Б, 24, 25, 26, 29, 31, 32, 33, 34, 35А, 36, 37, 39, 40, 42А, 42Б, 42Б, 42Г, 42, 43, 44А, 44, 45, 46Б, 46Б, 46, 47, 48А, 48Г, 48Д, 48, 49А, 49, 50А, 50, 51, 52, 53, 54А, 54Б, 54, 57, 58, 59, 62Б, 62, 63Г, 63Б, 63Ж, 63, 64А, 64Б, 64, 66, 68, 72, 74, 75, 78, 82 үй; Таулы қырат шағынауданы Игишев көшесі: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59 корпус 1, 59, 60, 61, 63, 64/1, 65, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76А, 76Б, 76Б, 78А, 82 үй; Таулы қырат шағынауданы Ескендеров көшесі: 17, 21, 23, 25, 27/16, 31, 33, 35А, 37/56, 60 үй; Кәрібожанов көшесі: 85/63, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116 үй; Манаев көшесі: 102, 104, 106 корпус 1, 106, 108А, 108, 112, 114, 115/31Б, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 124, 128/27, 132, 136 үй; Нұрлы-баев көшесі: 1/4, 3, 5, 7, 8, 9, 11, 13, 15А, 15, 17, 23, 25А, 25, 27, 29, 31 үй; Таулы қырат шағынауданы Сызғанов көшесі: 38А, 38Б, 38В, 38В, 38В, 38, 38/1, 38/2, 38/4, 46, 48, 49, 50 корпус 1, 50, 51, 52/1, 53, 54А, 54, 55, 56, 57Б, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 68 корпус1, 68, 70, 72, 74, 75, 76, 77А, 77, 78, 80А, 81, 82, 84А, 84, 85/105, 86А, 86Б, 86, 87, 89, 91, 93, 95/30, 96, 97, 97/23, 99, 101Б, 101Б, 101, 105, 106, 107А, 107, 109, 110, 111 үй; Тайманов көшесі: 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 105/1, 109, 111, 115/2, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 153А, 153Б, 153, 153/1, 153/3, 155/2, 157/1, 157/2, 163, 167А, 167, 169, 171, 175, 198, 200, 202, 204, 206, 210А, 212А, 214, 216А, 216Б, 216, 218, 220А, 220Б, 220, 222Б, 222Б, 222Г, 222А, 224, 224/1, 224/2, 224/2, 222/4, 222/6 корпус 2, 222/6, 222/7, 222/8, 224А, 224Г, 224, 224/1, 224/2, 224/3, 224/4, 226А, 226 үй.

№415 сайлау уәкескісі

Орталығы: Алматы қаласы, Таулы қырат шағынауданы, М.Жуков көшесі, 140, Алматы қаласы білім басқармасының «№77 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкескісінің шекарасы: Алдар көшесі: 3, 5, 7, 56, 58, 59, 60 корпус 1, 60, 63, 65, 66, 67, 69, 71, 73 үй; Әл-Фараби даңғылы: 34 үй; Вихрев көшесі: 7, 10, 14, 25, 27 үй; Жаркент көшесі: 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22 үй; Жамақав көшесі: 5, 6, 10, 12, 16, 22А, 22, 24, 28, 30, 32, 34, 36, 38/54, 40, 42, 44, 46, 48, 49, 50, 52, 54, 58, 63, 64, 65, 68, 72, 74, 76, 78, 80/46, 82/47, 84, 86, 87, 89, 91, 93, 94, 95, 97, 100, 101, 103/46, 110, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134/48 үй; Таулы қырат шағынауданы Жуков көшесі: 3, 7, 11, 14, 21, 41, 43, 59, 71, 81, 82, 87, 89, 90/31, 92, 93, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101А, 101, 102, 103, 103/1, 104, 105, 108, 108, 109, 110А, 110, 111, 112А, 111, 112/13, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 123, 125, 127, 129, 131, 133/18 үй; Таулы қырат шағынауданы Затеаевич көшесі: 1/22, 24, 3, 4/143, 5, 6/130, 7А, 7, 8, 9, 10А, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 38, 40, 42, 44, 50, 52, 54, 56, 58А, 62, 64, 74/1, 80, 82, 84, 86, 88, 90 үй; Таулы қырат шағынауданы Ескендеров көшесі үй: 6, 10, 12, 14, 16, 20/2, 24, 26, 28, 28/1, 30, 32, 36, 38, 40, 42 үй; Кәрібожанов көшесі: 1, 2, 3, 5А, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 16, 17А, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 37, 38, 39, 40, 42, 43/56, 44, 45/61, 46/54, 47, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72А, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 83/60 үй; Манаев көшесі: 1/70, 3, 6, 8, 11, 12, 32, 46, 55, 57, 59, 61, 72/38, 73/36, 74/1, 76/39, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 92, 95, 96, 98/36, 99, 103, 105, 107, 109, 111 үй; Таулы қырат шағынауданы Сызғанов көшесі: 1, 2, 3, 5А, 6, 7, 8, 9А, 10, 11/20, 12, 13, 14, 15, 16/62, 17А, 17Б, 17, 18, 19А, 19Б, 21/60, 23А, 24, 27А, 34А, 34, 41, 43, 45/66 үй; Тайманов көшесі: 6, 13, 21, 25, 27, 35/81, 37, 39А, 39, 41, 43, 45, 47, 49-51/2, 54, 55, 56, 57, 58, 60, 65А, 65, 66, 67, 69, 71, 73, 78, 80, 82А, 82, 84, 86, 88, 90, 102А, 108, 110Б, 110Б, 110Б, 120/74, 122, 124А, 134, 136, 140, 142, 144, 146, 150А, 150, 150/1, 156 корпус 1, 156, 160, 162, 164, 166, 168, 170, 172, 180; Қажымқан көшесі: 72, 88, 101/1 корпус 1, 101/1 корпус 10, 101/1 корпус 11, 101/1 корпус 12, 101/1 корпус 13, 101/1 корпус 16, 101/1 корпус 2, 101/1 корпус 4, 101/1 корпус 5, 101/1 корпус 6, 101/1 корпус 7, 101/1 корпус 8, 101/1 корпус 9, 111, 115, 117, 119, 121 үй; Қажымқан көшесі: 72, 88, 101/1 корпус 1, 101/1 корпус 10, 101/1 корпус 11, 101/1 корпус 12, 101/1 корпус 13, 101/1 корпус 16, 101/1 корпус 2, 101/1 корпус 4, 101/1 корпус 5, 101/1 корпус 6, 101/1 корпус 7, 101/1 корпус 8, 101/1 корпус 9, 111, 115, 117, 119, 121 үй; Шашкин көшесі: 4, 32А, 38Б, 38/2, 50, 52 үй; Таулы қырат шағынауданы Шүшкин көшесі: 1, 10, 20/90, 22, 23, 24, 25, 26А, 26/91, 30, 32, 33, 34, 37, 48А, 48, 49, 50А, 50, 51, 52, 53, 55, 58, 59/48, 60/21, 63, 64, 65/23, 66, 67, 71А, 71, 73, 75, 77А, 79, 85, 87 үй; Таулы қырат шағынауданы 8-ші Гагарийлық дивизиясы көшесі: 2, 2/42, 4, 5, 12, 22, 48, 61, 62, 63, 65, 66, 71, 75, 77, 80-82, 83, 86, 88, 89, 91, 92/21, 93,

94, 95, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 108, 109/18, 110, 111/19, 112, 114, 118, 120, 122, 123, 125, 128, 131/94, 133, 135А, 135, 137, 139 үй.

№416 сайлау уәкескісі

Орталығы: Алматы қаласы, Көктебе шағынауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 69, Алматы қаласы білім басқармасының «Қасым Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау уәкескісінің шекарасы: Әзірбаев көшесі: 6 үй; Көктебе шағынауданы Ақтангер көшесі: 1, 2А, 26, 2, 2/3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 19/1, 20А, 20, 21А, 21, 22, 23, 24, 43, 13



ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

МЕДБИКЕЛЕР
МӘСЛИХАТЫ

Мегаполисте медбикелердің алқалы жиыны өтті. «Мейіргер ісінің даму перспективалары: инновациялар, білім беру және тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция биылғы Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жылы шеңберінде ұйымдастырылды.

Техникалық және кәсіптік білім беруді, сондай-ақ практикалық медицина саласындағы ғылыми қызметті дамытуға бағытталған кездесу орта буын медицина қызметкерлері арасында кәсіби желіні құруға, озық тәжірибемен алмасуға және өзекті мәселелерді талқылауға арналған бірегей алаң болды дейді сарапшылар.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы медицина орталығының ұлттық госпиталі базасында өткен екі күндік жиынға өзіміздің мамандардан бөлек, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Армения, Литва дәрігерлері де онлайн қатысты.

Алғаш болып сөз алған ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің бас сарапшысы, мейірбике магистрі Айнагүл Наурызбаева осы саладағы мамандардың халыққа медициналық қызмет көрсетудегі рөлін, елімізде мейірбике ісін дамыту, кадрлар даярлау жүйесін жаңғырту және оларды пайдалану жөніндегі реформалар туралы атап өтті.

Ал Алматы жоғары медициналық колледжінің директоры Жұмахан Мол-



дақұлов біздің министрліктің медициналық колледждердегі білім беру бағдарламаларын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған, кәсіптік құзыреттерге ерекше назар аударуды көздейтін «Кадрлық қолдау: теңгерім және қолжетімділік» кешенді жоспары туралы тарқатты.

Бүгінгі күні бүкіл әлемде мейіргерлер медицина қызметкерлерінің ең үлкен санатын құрайды. Олар – үлкен күш. ДДҰ-ның 2024-2025 жылдарға арналған мейіргерлік және акушерлік істі нығайту жөніндегі жаһандық-стратегиялық бағыттарында медбикелер халықтың денсаулығын нығайтуда және қоғамда медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратыны атап өтілген.

Конференция шеңберінде медбикелерге арналған пленарлық отырыс, тәжірибе алмасу секциялары, шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

КҮРДЕЛІ ШЕШІМ

Алматы онкологтары өңеш пен бүйрекке бір мезгілде екі ота жасады

Мегаполис онкологтары науқастың өңеші мен бүйрегіне бір мезгілде екі күрделі операцияны сәтті жасап шықты. 74 жастағы науқас өңеш пен сол жақ бүйректің қатерлі ісігі диагнозымен Алматы онкологиялық орталығының хирургия бөлімшесіне жатқызылған болатын.

Мұндай сирек кездесетін синхронды ісіктер күрделі диагностикалық және терапевтік тапсырма болып табылады. Ол кешенді тәсілді және отаны мұқият жоспарлауды қажет етеді.

Егжей-тегжейлі тексеруден және науқастың жағдайын бағалаудан кейін медициналық консилиум өңештің субтотальды резекциясын – зардап шеккен органның көп бөлігін, сондай-ақ нефрэктомияны – сол жақ бүйректі толығымен алып тастауды қамтитын аралас ота жасау туралы шешім қабылдады.

Онкохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұрлан Балтаев жасаған ота хирургиялық және анестезиологиялық тұрғыдан өте күрделі болды дейді мамандар. Өңештің субтотальды резекциясы зардап шеккен тіндерді қоршаған мүшелерден асқан дәлдікпен бөлуді, тамақтың өтуіне жаңа жол салуды және отадан кейінгі ықтимал асқынулардың алдын алуды талап етті.

Нефрэктомия да маңызды кезеңі



болды. Өйткені, ол бүйрек тамырларын сақтауды, көп қан жоғалтпауды және қалған бүйректің толық жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етті. Төрт сағатқа созылған отадан кейінгі кезеңде науқас дәрігерлердің тұрақты бақылауында болды, қажетті терапияны алды. Осы орайда асқан дәлдікпен, бір мезетте екі күрделі отаны сәтті жасаған алматылық дәрігерлердің кәсіби шеберлігіне тәнті болмасқа шарамыз жоқ.

БРИФИНГ

АЛЛЕРГИЯДАН АРЫЛАТЫН ЖОЛ БАР

Әлемдік деңгейдегі иммунотерапия бізде де сәтті қолданылып келеді

Көктемде өсімдіктердің гүлдеу маусымы басталады. Ал бұл аллергиясы бар адамдардың денсаулығына айтарлықтай әсер етеді. Аллергиядан әбден мезі болып жүретін адамдарды жиі байқаймыз. Алайда, уақытылы диагностика мен дұрыс жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың арқасында толыққанды өмір сүруге болады.

Бұл жөнінде Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас аллерголог-иммунологы, медицина ғылымдарының докторы Таир Нұрпейісов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты.

Оның айтуынша, көктем-жаз мезгілінде ең белсенді аллергиялар – ағаштардың тозаңы мен мамығы, атап айтқанда, терек, қайың, қарағаш, жөке, сондай-ақ кең таралған тимофеевканы қоса алғанда, шабындық шөптер. Кейінірек, шілде-тамыз айларында арамшөптердің – жусан, амброзия және басқа да өсімдіктердің гүлдеу маусымы басталады.

Алматыда ағаш түрлері өте көп, тіпті сирек жеміс беретін, бірақ соған қарамастан тозаң бөлетін субтропикалық түрлері де бар. Ауадағы тозаң концентрациясы кей жағдайда, әсіресе, құрғақ әрі желді күндері айтарлықтай жоғары болуы мүмкін.

Сонымен қатар, аллергияны тек



өсімдіктердің тозаңы ғана емес, жыл бойы әсер ететін тітіркендіргіштер де қоздыруы мүмкін. Оларға үй шаңы, зең, үй жануарларының тері бөлшектері жатады. Сондықтан дер кезінде аллерголог-дәрігерге қаралған абзал, өз бетінше емделмеу керек.

Спикер аллергия белгілерін жай суық тию немесе тұмаудан қалай ажыратуға болатынын түсіндірді. Маусымдық аллергия кезінде көбіне көздің қышуы, түшкіру, дене қызуынсыз мұрыннан су ағуы және жыл сайын қайталанатын белгілер байқалады. Ал вирустық инфекциялар әлсіздік, дене қызуы және бұлшықет ауырсынуымен қатар жүреді.

Маманның айтуынша, аллергия – бұл

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Таир НҰРПЕЙІСОВ,
Алматының бас аллерголог-иммунологы:

«АЛТЫН СТАНДАРТ» енгізілді

Кез келген аллергиялық ауруды емдеуге болады. Алматыда аллергияның негізгі себебін емдеуге бағытталған заманауи, тиімді әрі қауіпсіз препараттар қолданылады. Бұл осы саладағы «алтын стандарт» болып саналады. Терілік сынамалар, зертханалық талдаулар, отандық және шетелдік әдістер – мұның бәрі бүгінде біздегі көптеген медициналық орталықтар мен зертханаларда қолданылады. Олардың басым бөлігі МӘМС жүйесі арқылы қызмет көрсетеді.

Аллергия – бұл иммунитеттің бір бөлігі. Сондықтан дұрыс тамақтану, белсенді өмір салты, спорт – мұның бәрі аллергияның алдын алуда үлкен рөл атқарады. Тіпті, тыныс демікпесі кезінде де белсенділіктен бас тартуға болмайды. Көптеген кәсіби спортшылар бала күнінде демікпемен ауырған. Осы орайда алматылықтарға бірнеше қарапайым ғана маңызды кеңес берер едім: балаларға стерильді жағдай жасамау, өз бетінше емделмеу, тозаң маусымында серуендеуде бетперде тағу, өзіңізге лайық спорт түрін таңдау. Ауырмаңыздар!

үкім емес, ағзаның тиімсіз иммундық жауабы ғана, оны жеңуге болады. Бүгінде мегаполисте аллергиялық ауруларды диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістерінің бәрі қолжетімді. Соның ішінде аллергияға спецификалық иммунотерапия (АСИТ) да бар.

АСИТ ағзаның аллергияларға сезім-

талдығын төмендетіп, уақыт өте келе сенсублизациядан толық арылуға мүмкіндік береді. Бұл терапия әр адамға жеке таңдалады және балаларға да, ересектерге де жүргізілуі мүмкін.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда	
«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!	«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.
БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!	
«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!	
«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:	
65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 8 айға – 4907,20 теңге	
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 8 айға – 10524,96 (қала), 6427,20 (ауыл) теңге	
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 8 айға – 3147,20 теңге	
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.	
Құрметті оқырмандар!	
«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz -пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.	

● ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жылдың І-тоқсанындағы аудит нәтижелері
2025 жылдың бірінші тоқсанында Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 16 аудиторлық іс-шара өткізді. Нәтижесінде жалпы сомасы 13 740,9 млн. теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 2728,3 млн. теңге – қаржылық бұзушылықтар, ал 5828,9 млн. теңгеге мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтарды қоса алғанда 11 012,5 млн. теңге – рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бюджетке 1488,5 млн. теңге өтелді. Аудит нәтижелері бойынша 2,1 млн. теңге сомасына 9 әкімшілік іс қозғалды, оның 1,5 млн. теңгесі өндірілді. Тәртіптік жауапкершілікке 6 лауазымды тұлға тартылды. Сондай-ақ, 659,9 млн. теңге сомасына Мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша бұзушылықтарды жою туралы 886 хабарлама жіберілді. Аудит бюджеттік атқару саласындағы заңнаманың сақталмауын анықтады, бұл бюджетті әзірлеу және орындау кезінде, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану кезінде бұзушылықтарға әкелді. Қызметтің тиімділігін арттыру үшін мекеме басшылары мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражаты мен активтерін пайдалану кезінде ашықтықты, тиімділік пен жауапкершілікті арттыруға бағытталған ұсынымдар ұсынылды.

ГАЗ ЖЕТКІЗУДІҢ УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛУЫ ТУРАЛЫ
«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Алматы өндірістік филиалы газ тасымалдау жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және тұтынушыларды көгілдір отынмен үзіліссіз әрі қауіпсіз қамтамасыз ету мақсатында «Сантех Комплекс Групп» ЖШС Алматы қаласы Түрксіб ауданындағы Майлин – Монтажная көшелерінде төмен қысымды газ желілерін қайта құру жұмыстарын жүргізгенін хабарлайды. Осыған байланысты жаңадан салынған жерүсті және жерасты төмен қысымды газ құбырларын қосу жұмыстары жоспарлануда. Бұл жұмыстарға орай, 2025 жылғы 14–18 сәуір аралығында Майлин – Монтажная – Кубеева – Тукая көшелері бойында орналасқан 75 жеке тұрғын үй мен 99 көпқабатты үй кіреберісі (жалпы саны 841 пәтер) газбен уақытша қамтамасыз етілмейді. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және мәжбүрлі шараларға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.
«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Алматы өндірістік филиалы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу шаралары
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. 2025 жылдың бірінші тоқсанында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша 17 профилактикалық іс-шара өткізілді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/lang=kk) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтарды жеке қабылдауға жазылу үшін телефон нөмірлері көрсетілген департамент басшысының және басшы орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдау кестесі жарияланды. Қолжетімді орындарда орнатылған стендтерде Департаменттің байланыс телефондары мен электрондық мекенжайы көрсетілген Әдеп жөніндегі уәкілдің деректері орналастырылған. Шағымдар мен ұсыныстарға арналған арнайы жәшіктер орнатылды. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жұмысының ашықтық және жариялылық қағидаттарын сақтау мақсатында, азаматтардың, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының Департамент жүргізетін аудиторлық іс-шараларға қол жеткізу мүмкіндігі негізінде бұқаралық ақпарат
құралдарында, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің сайтында бюджеттік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар нормалары және өзге де заңнамалар үнемі жарияланып отырады. 2025 жылдың бірінші тоқсанында Департаменттің қызметі туралы 18 мақала жарияланды. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне мониторинг жүргізу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл жарты жылда бір рет Департамент қызметкерлеріне анонимді сауалнама жүргізеді. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты адамдармен мемлекеттік аудит объектісіне шыққанға дейін техникалық оқуды тіркеу журналына қол қойғызып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуы туралы нұсқама жүргізіледі. Мемлекеттік қызметке кірер алдында кандидаттарға қатысты мәліметтердің болуы бойынша Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына оларды қандай да бір жауапкершілікке (қылмыстық, әкімшілік) тарту туралы сұрау салулар жіберіледі. Жыл сайын жартыжылдық қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және Департамент қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген мониторингтің нәтижелері Департаменттің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдардың қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған белгілі бір шараларды тұрақты, жүйелі негізде қабылдағанын куәландырады.
А.КАВКИТАЕВ, Департамент басшысы.

2025 жылы 20 мамыр күні сағат 11.00-де Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» ықшамауданы, 7-көше, 142/41 мекенжайында металды пластик және алюминий бұйымдарын (терезелер, есіктер, витраждар), сондай-ақ, оларға керек-жарақ жасау үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Бастамашы: «Комбинат Светопрозрачных Конструкций» ЖШС БСН 141 040 026 579. Телефон: 8 (727) 364-52-19 (20,20),электронды адрес: _info@tehnovid.kz_. Жобалық құжаттама әзірлеушісі: «ЭКО және Ко» ЖШС, БСН 061240005922, телефон: 8 (727) 278-01-79, электронды адрес: klg_55_007@mail.ru. Жергілікті атқарушы орган: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, телефон: 8 707 484 97 91, электронды адрес: uprigr@mail.ru. Ескертулер мен ұсыныстар жасау үшін жоба бойынша құжаттама https://ecportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында және Алматы қаласының ЖАО сайтында орналастырылған.
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Фармация мектебінің ұжымы Фармацевтикалық технология кафедрасының профессоры Ғалия Саруарқызы Ибадуллаеваға жубайы Бекқали Саинұлы ДАРБАСОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


Бас директор – Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ Қабылдау бөлмесі: тел: 293-08-03.
Бас директордың орынбасары – Абдухалил ЖАЛИЛОВ тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА тел.: 293-04-28.
Бас редактор – Төрехан ДАНИЯР тел: 293-52-24.
Бас редактордың орынбасары – Есхат БОЖАН тел: 293-52-36.
Жауапты хатшы – Серік ЖҰМАБАЕВ тел: 293-52-43.
Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – Рая ЕСКЕНДІР
Қала тынысы бөлімінің редакторы – Нұржамал ӘЛІШ
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ тел: 293-52-36.
Коммерциялық директор – Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com тел: 293-08-25
Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы – Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері: Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.
ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.
Меншік иесі: «Alatau Aqparat» ЖШС. E-mail: alatauaqparat@gmail.com Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.
Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)
Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.
Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.
«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ АЛМАТЫ

ӘУЕ ӘУЕСҚОЙЛАРЫНЫҢ ӘЛЕМІ

Шетелдік «ұшақ аулаушылар» шаһарға неге қызығады?

Естеріңізде болса, газетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде ерекше хобби түрі – «ұшақ аулау», яғни споттинг және осы іспен айналысатын споттерлер туралы жазған болатынбыз. Бұл тақырыпқа қайта оралып, қалада споттингтің қалай дамығаны, оның қазіргі жағдайы мен споттерлердің жұмысы туралы кеңірек тоқталғанды жөн көрдік.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аталған хобби авиацияға деген ерекше құмарлықтан туған. Ол тек суретке түсіру емес, ұшақтардың түрлерін тану, рейстерді бақылау және сәттерді таспалау өнері. Споттинг бұрын Еуропа елдері мен Америкада кең тараса, кейінгі жылдары біздің елімізде де, әсіресе ең үлкен мегаполис – Алматыда біртіндеп дамып келеді. Алматы халықаралық әуежайы – еліміздегі жүктемелі әуежайлардың бірі. Жүк тасымалдайтын үлкен ұшақтар, жолаушылар лайнерлері, чартер рейстер, тіпті кейде әскери ұшақтар да әуеден көрінеді. Яғни Алматы – споттингке өте қолайлы қала.

Қалалықтардың көбі әуежайдың маңында арнайы орын барын, споттинг клубтары мен қауымдастықтары жұмыс істейтінін білмейді. Қазір қалада ерекше ұшақтарды суретке түсіріп, авиация фотографиясына қызығатын белсенді жастардың шоғыры қалыптасқан. Арнайы клубтары да бар. Сенбі, жексенбі күндері жұмыстан не оқудан қол босағанда жиі бас қосып, Алматы әуежайына арнайы барады. Клуб мүшелері елімізде споттинг мәдениетінің қалыптасуына және авиацияға қызығушылық танытатын жастар қатарының артуына үлес қосып келеді. Олар фотоға түсіру үшін ұшақтардың әр қозғалысын бақылап, тіпті, сол сәтті қалт жібермес үшін сағаттап күтіп тұрады.

Біз әуе кемесін фото мен видеоға түсіруден ләззат алатын сондай жандармен сөйлестік. Сұхбаттасып, олардың қызықты оқиғаларын, үздік кадрларын және авиацияға деген ерекше махаббаттарын білу үшін бірге споттингке шықтық. Хоббиден кәсіпке айналған қызығушылықты өмірінің бір бөлігіне айналдырған ұшақ аулаушы – споттерлердің тыныс-тіршілігіне үңілдік. Қазақстан споттерлер клубының мүшелері әуежай маңындағы ұшақ аулауға ыңғайлы нүктелерді жақсы біледі. Әрине, қауіпсіздікке байланысты әуежай аумағында рұқсатсыз суретке түсіруге болмайды. Сондықтан Алматы споттерлері қолайлы жерлерді әуежай маңынан іздейді.

Алматылық споттерлер бұл саланы кәсіби деңгейге жеткізуге атсалысып келеді. Олардың кейбірі халықаралық авиациялық форумдарға қатысып, үздік суреттері шетелдік сайттарда жарияланып жүр. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде де парақшалары авиацияға қызығатын қауым арасында кеңінен танымал.



(Суретті түсірген Жансар Маратұлы).

Қазақстан споттерлер клубының мүшесі, әуесқой фотограф, жас споттер **Жансар Маратұлымен сұхбаттасқан едік. Ол Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №12 гимназияда 10-сыныпта оқиды. Жасы – 16-да. Қазақстан споттерлер клубына 2023 жылы қосылған. Жансардың суреттері авиациядағы ең танымал Jetphotos.com, Planespotters.net сайттарында жарияланған.**

Жансар МАРАТҰЛЫ, жас споттер:

МАҒАН ШАБЫТ БЕРЕТІН ХОББИ

– **Жансар, споттерлікке қалай келдіңіз?**

– Споттингке алғаш рет 12 жасымда қызыға бастадым. Сол уақыттан бері осы хоббимен белсенді айналысып келемін. Бұл – маған шабыт сыйлайтын, мені ерекше әсер мен қуанышқа бөлейтін сүйікті хоббиім. Ұшақтарды бақылап, суретке түсіру маған ләззат сыйлайды. «Ұшақ аулау» оқу үлгеріміме еш кедергі келтірмейді. Тек бос уақытымда, сабақтан тыс кездері ғана айналысамын. Осының арқасында мен көптеген шетелдік споттерлермен таныстым. Олардан авиация жайында ақпарат алып қана қоймай, шет тілдерін де дамытып жүрмін. Әсіресе, ағылшын тілін тәжірибемде жиі қолданамын.

– **Суретке немен түсіресіз?**

– Қазір Canon 650D фотоаппаратымен түсіремін. Сонымен қатар, ұзақ қашықтықтан сапалы кадр алу үшін Canon 100-400mm L сериялы объективін қолданамын. Бұл техника ұшақтарды алыстан, анық әрі нақты түсіруге өте қолайлы. Бұрын телефонмен де түсіретінмін, бірақ қазір кәсібилікке бір қадам жақындай түстім десем болады.

– **Өзіңізге ұнайтын суретіңіздің тарихымен бөліссеңіз...**

– Бір күні қатты жаңбырдан кейін ауа райы бірден жақсарып, таулар тұнық көріне бастады. Мен бірден споттингке шығып, сол сәтті пайдаланып қалуды шештім. Суретті Талғар шыңының фонында түсірдім. Бұл шыңға менің атам – Нақысбек Тленшиев 1935 жылы бірінші болып көтерілген. Шыңның солтүстік жағынан түсірдім. Талғар шыңы ұшақтарды суретке түсірген кезде әдемі көрінеді. Сол сәтте «Air Astana A321LR» ұшағын дәл осы фонда түсіріп үлгердім. Бұл кадр мен үшін ерекше естелік болып қалды. Сонымен қатар, ұшқыштарды суретке түсіргенде олар бізге қол бұлғап, ризашылықпен қарайды.

– **Қазақстанда бұл хобби қаншалықты дамыған?**

– Меніңше, споттинг Қазақстанда өте жақсы дамыған. 2012–2019 жылдары бұл хобби негізінен ересектер арасында танымал болды, бірақ қазір, әсіресе, 2023 жылдан бастап жастар арасында да қызығушылық арта бастады. «Kazakhstan Spotting Club» клубы осы бағытта біраз жұмыс атқарып, көптеген жастарға көмек көрсетті. Оның үстіне, кейінгі жылдары Қазақстанға шетелден споттерлер келіп, біздің елде ұшақтарды түсіруге қызығушылық танытуда. Қазақстанның табиғаты мен әуежайлары ерекше сурет таспалау үшін қолайлы. Туристердің көбі Ан-24 ұшағына қызығушылық танытады, себебі олар кеңестік кезеңдегі әуе кемелері туралы жақсы біледі.

– **Сіз үшін ұшақ аулауға қай мезгіл ыңғайлы?**

– Споттингтің ең белсенді кезеңдері жаз және көктем мезгілдерінде болады. Себебі, күн жылы, әрі ұзақ уақыт бойы ұшақтарды түсіруге мүмкіндік береді. Мен үшін ауа райы кедергі емес, себебі мен әртүрлі ауа райында ұшақтарды түсіруге дайынмын. Қатты аяз, қар немесе дауыл болса да, мен өзіме ұнайтын хоббимен айналыса беремін.

– **Сәтті кадр үшін қандай жерлер ыңғайлы? Алматы әуежайында түсіру үшін арнайы рұқсат керек шығар?**

– Алматы әуежайының маңында ұшақтарды суретке түсіру үшін арнайы рұқсат қажет емес. Бірақ біз басқа споттерлерге әуежайдың шекараларынан тыс, заңды орындардан түсіруді ұсынамыз. Споттинг үшін орындар көп. Дегенмен, бәрі ұшақтың бағытына және жарықтың қай жақтан түсетініне байланысты. Әдетте, дұрыс жарық түсетін орындар жақсы суреттер үшін тиімді болады.

– **Алматы әуежайы қаншалықты қолайлы?**

– Біздің әуежайда споттингке арналған арнайы алаң жоқ. Бар болғаны бір қарау алаңы бар, бірақ ол споттингке арналмаған. Кейде жақсы кадр алу үшін бізге тастар мен батпақтар арқылы өтіп, өзіміз үшін ыңғайлы орын табуға тура келеді. Алматы әуежайы 2011 жылы споттинг турларын ұйымдастырып, споттерлерге арнайы мүмкіндіктер ұсынған болатын. Алайда, кейін әуежайдың басшылық құрамының ауысуына байланысты бұл іс-шаралар тоқтатылды. Болашақта Алматы әуежайы споттинг турларын қайта ұйымдастырады деп үміттенемін.

◆ ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

■ Алматы әуежайы – халықаралық споттерлер үшін де қызықты. Бірнеше шетелдік авиация фотографтары Алматыны ерекше нүкте ретінде атап өткен. Мысалы, әлемдік танымал авиациялық фотосайттарда (JetPhotos.net және Airliners.net) біздің әуежайда түсірілген мыңдаған сурет бар.

■ Ал польшалық Томас есімді споттер Алматы әуежайына сирек келетін Ил-76, Ан-124 сияқты ұшақтарды түсіріп, Airliners.net пен басқа платформаларда жариялаған.

■ TikTok желісінде танымал, Украинадан шыққан ұшқыш әрі блогер Андрейдің Алматы туралы бірнеше бейнеролигі бар. Онда ол әуежай маңындағы инфрақұрылым мен логистиканың ерекшелігін айтады. Сондай-ақ, бір сөзінде жүк рейстерінің көптігін, Түркия, Катар, Әзербайжан сияқты елдердің карго лайнерлерінің жиі ұшатынын атап өтіпті.

■ Жарты миллионнан астам оқырманы бар «Skyships» YouTube каналының авторы Алматы арқылы өтетін жүк және чартерлік рейстер туралы контент жариялап жүр. Басқа қалалармен салыстырғанда Алматыда ұшақ түрлері алуан түрлі екенін атап өтеді.

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол ЕСБОЛ, Қазақстан споттерлер клубының жетекшісі:

«ҚАЗАҚСТАН СПОТТИНГ КЛУБЫ»

ең ірі және танымал орталық

Авиация саласында 2007 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Қазақстан споттерлер клубы 2014 құрылды. Клубтың құрылтайшылары үш адамбыз – достарым Дамир Қаһарманов пен Роман Петров және мен. Әуесқойлықтан кәсіби клуб ашуға дейін жеткізген ортақ мақсатымыз болды.

Бірде әуежайға барғанымызда фотографтардың ұшақтарды суретке түсіріп жүргенін көріп, клуб ашу идеясы ойға оралды. Содан «бас қосып, неге споттерлер клубын ашпасақ» деген байлам жасадық. Өз елімізде осы хоббиді дамытуға бел будық. Жыл өткен сайын біртіндеп клубымыз кеңейе бастады. Ресми іс-шараларға шақыртулар алдық, авиашоулар мен презентацияларға қатыстық. «Air Astana» және «FlyArystan» сынды өзге де қазақстандық әуекомпаниялар бізге тегін билеттер ұсынып, қолдау көрсетті.

Еліміздегі ең ірі және танымал клуб – «Қазақстан Споттинг Клубы». Шетелдік споттерлер Instagram, Facebook және түрлі сайттар арқылы бізге жиі хат жолдап тұрады. Алматыға келгенде ұшақ түсіруге ыңғайлы локациялар, ауа райы, рейстер туралы алдын ала ақпарат сұрайды. Қазақстан бойынша шамамен, 50–60 споттер бар, олардың жартысы біздің клубтың мүшелері. Кейінгі жылдары клубымызға Алматыдан жастар белсенді қосылып жатыр. Алатау мен түрлі ливриядағы ұшақтар кадрда ерекше көз тартады. Бұл шетелдік ұшақ аулаушыларды қызықтыратын, оларды Қазақстанға тартатын басты факторлардың бірі. Өйткені, споттинг дамыған Еуропа елдерінде және АҚШ-та мұндай әдемі әрі табиғи фондар сирек кездеседі.